ШҰБАРДЫҢ «ШҰБАРАЛА» МӘСЕЛЕСІ

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

ҚҰЛДЫҚ ҚАМЫТЫ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ТӨРТ ЖАНРДЫ ТҮГЕНДЕГЕН

8-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Жаңа қағидаттар мен нормаларға сай келісімге келу үшін қолайлы жағдай жасаудың жалғыз жолы – диалог. Сондықтан бүкіл жанжал БҰҰ Жарғысы және жалпыға ортақ халықаралық құқық негізінде шешілуге тиіс. Мен бұған сенімдімін. Қауіпсіздік Кеңесіне жан-жақты реформа жүргізбей, бұл түйткілдің түйінін шеше алмаймыз. Ал Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шығатын жол таба алар емес.

№20
(4608)
Сенбі
17 ақпан
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Шунгит-терапия – айрықша әлемде теңдесі жоқ емнің бір түрі. Шунгит бөлмесіндегі релаксация жүйке кернеуін жеңілдетеді, бас ауруы мен ұйқысыздықты жояды, энергияны және дененің жалпы тонусын арттырады. Осындай шипалы емді астаналық ерекше балалардың денсаулығын түзетуге қолданылады.

2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 5,4 млн қазақстандық ел ішінде саяхат жасады, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 550 мың адамға көп.

Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша ішкі туристер саны 9 млн адамға жетеді деген болжам бар. Сондай-ақ қонақүй кешендерінде шетелдік туристер санының айтарлықтай өсуі тіркелді. 2023 жылдың алғашқы 9 айында бұл көрсеткіш 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе өсіп (2022 ж. – 609 мың), 830 мыңнан аса адамға жетті. Есептік кезеңде қонақ үйлер, демалыс базалары, жатақханалар және басқа да орналастыру орындары 175 млрд теңгеден астам табыс тапқан.



Биыл 1 наурыздан бастап уақыт теңестіріледі. Осыған орай Air Astana рейстер кестесін өзгертеді.

Мұндай өзгерістер 1-31 наурыз аралығында Алматы, Астана, Шымкент, Өскемен және Қостанай бағыттары бойынша жоспарланған сапарларға әсер етеді. «Рейстері өзгеріске ұшыраған жолаушыларға сапардың жаңа уақыты туралы ақпараты бар брондау кезінде көрсетілген электронды поштаға SMS-хабарламалар мен хаттар жіберіледі» делінген әуе компаниясының хабарламасында. Бұл ретте сәуірден қазанға дейінгі кезеңге арналған рейстер кестесі 1 наурызда автоматты түрде өзгертіледі. Жолаушыларға бұл туралы да хабар беріледі.

ДИМАШ – БҰҰ ЕЛШІСІ

Қазақстандық музыкант, әнші және композитор Димаш Құдайберген халықаралық ұйым – БҰҰ көші-қон агенттігінің аймақтық ізгі ниетті елшісі (Азиядағы аймақтық рөлі) атанды.

Бұл туралы Dimashnews сайты жазды. Бұл – көші-қон саласындағы жетекші үкіметаралық ұйым. «Мен ХКҰ-ның ізгі ниетті елшісі ретінде мигранттардың құқықтарын қорғауды мақтан тұтамын. Әрбір адамның құқығы мен мүмкіндіктері үшін аспаны ашық бейбіт әлемді бірге құрайық» деді әлемге әйгілі әнші.

АЙНАЛМА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Биыл Нұрғиса Тілендиев даңғылы мен Шабал Бейсекова көшесіндегі автожолдағы жүктемені азайту мақсатында шағын айналма жол салынады.

Бұл жол көлік қозғалысына, адамдардың жүріп-тұруына және жалпы алғанда, аудандағы жайлылық пен реттілікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Бұл жаңалық елорданың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға арналған отырыста жария етілді. Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов жыл соңына дейін қалада 32 жаңа бағдаршам орнатылатынын, бірқатар мектеп, балабақша және тұрғын үй кешендеріне апаратын жолдар салынатынын жеткізді.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 483 $ USD/KZT 448.68 ₽ RUB/KZT 4.85 ¥ CNY/KZT 62.38

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№20 (4608) 17/02/2024 Сенбі

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШЫЛДЫ

Қатарға мемлекеттік сапары барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қатар инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты. Сондай-ақ бірқатар жоғары лауазымды тұлғалармен, компания басшыларымен кездесіп, Қатар Мемлекетінің Консультативтік Кеңесі мүшелерінің алдында сөз сөйледі.

ЕКІ ЕЛДІҢ БАҒЫТЫ ҰҚСАС

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы экономикалық қатынастарды дамытуға тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін Қатар Үкіметі мен Қатар кәсіпкерлері қауымдастығына алғыс айтты. Оның айтуынша, әлем бұрын-соңды болмаған сын-қатерге тап болған қазіргідей кезде саяси ерік-жігер мен экономикалық белсенділікті ұштастыру өте маңызды.

– Бүгін мен Қатар елінің басшылығымен нәтижелі кездесу өткіздім. Біз түрлі сала бойынша уағдаластықтарға қол жеткіздік және елдеріміздің үкіметтеріне оларды жүзеге асыру үшін тығыз байланыста жұмыс істеуді тапсырдық. Менің сапарым біздің көпжақты қатынастарымызды одан әрі нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін. Жоғары Мәртебелі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнидің басшылығымен Қатар зор табысқа жетті. Көптеген ел сіздерден үлгі алады. Сіздердің ғажайып елдеріңіз – экономикасы қарқынды дамыған, тұрмыс деңгейі жоғары, қоғамы өркендеген мемлекет ретінде танымал. «Қатар – 2030» ұлттық бағдарламасында жаңғыру мен ұлттық құндылықтар өзара нақты әрі ерекше үйлесім тапқан. Барша қатарлық достарымызға осынау игі мақсатқа жету жолында табыс тілеймін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз таңдаған бағыттың кейбір тұстары Қатармен ұқсас екенін айтты. Қазақстанның ашық есік саясатына, орасан зор ресурсына және еркін нарыққа қатысты реформаларына шетелдің, соның ішінде Қатардың көптеген компаниясы назар аударды. Әртараптандырылған және орнықты экономиканың негізін қалау – Қазақстанның басты міндеті.

– Мен жаңа экономикалық бағытты ұсындым. Аталған бастама анағұрлым қуатты әрі қарқынды дамыған ел құру мақсатында құрылымдық реформаларды жүзеге асыруға бағытталған. Бұл – өршіл, бірақ орындалатын міндет. Былтыр Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 265 миллиард долларды құрады. Біздің ендігі мақсатымыз – осы көрсеткішті 2029 жылға қарай 450 миллиард долларға жеткізу. Өткен жылы экономикалық өсім 5,1 пайызға жетті. Бұл әлемдік экономиканың болжамды даму қарқынынан шамамен екі есе көп. Біз ортамерзімді перспективада экономиканың өсімін кемінде 6 пайыз деңгейінде ұстап тұруды жоспарлап отырмыз. 2022 жылы шетелден 28 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тарттық. Ал сыртқы сауда айналымы 136 миллиард долларға жетті. Қазақстан Орталық Азияда тікелей шетелдік инвестиция келетін негізгі ел болып қалуы үшін ең жоғары әлемдік стандарттарға сай жаңа инвестициялық циклды іске қостық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылардың басым бөлігі қазақ-қатар экономикалық қатынастарының табысты дамуына өз үлесін қосатынына сенім білдірді. Мемлекет өз тарапынан салық және кеден жеңілдіктерін ұсынуға, жобаларды бірлесе қаржыландыруға, ішінара кепілдік беруге және экспортты қолдау тетіктерін іске қосуға дайын.

– Жуырда біз Инвестициялық кеңес құрдық. Оған Премьер-министрдің бірінші орынбасары төрағалық етеді. Кеңес шұғыл шешім қабылдау және жан-жақты мемлекеттік қолдау арқылы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына ықпал жасайды. Қатар компанияларын бизнес жүргізу үшін тың мүмкіндіктерді қарастырып, Қазақстан нарығына инвестиция салуға шақырамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы серіктестікке тың серпін беру үшін жоғары деңгейдегі қазақ-қатар бірлескен комиссиясының және Іскерлік кеңестің жұмысын жандандыруды ұсынды. Қазақстан тарапы жақында ратификацияланған Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімнің екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты нығайта түсетініне сенім білдіреді.

– Бүгін Жоғары Мәртебелі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен кездесу барысында мен алғашқы қадам ретінде екіжақты сауда көлемін жарты миллиард долларға дейін ұлғайтуды ұсындым. Біз Қатар нарығына машиналар, темір, болат, ауыл шаруашылығы өнімдері және басқа да жоғары сапалы тауарларды жеткізе аламыз. Сонымен қатар Қазақстан ЖІӨ көлемі 2,6 триллион доллар болатын Еуразиялық экономикалық одақ нарығына жол аша алады. Біз – Қытаймен шекаралас елміз. Бұл «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында сауда-саттық жүргізуге жақсы мүмкіндік, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бүгінде визасыз режим мен апта сайын ұшатын 20-ға жуық тікелей рейстің арқасында Қазақстан мен Қатар байланыстары бұрынғыдан да нығая түсті. Бұған қоса, еліміз өзінің көлік-логистикалық әлеуетін әртараптандырумен және кеңейтумен белсенді түрде айналысып жатыр.

– Каспий теңізіндегі ең ірі хабтардың бірі саналатын Ақтау порты, Астана және Алматы халықаралық әуежайлары, қарқынды дамып келе жатқан көптеген теміржол және автомобиль жолдары, сондай-ақ жоғары сапалы логистика тораптары мен хабтар ірі инфрақұрылымдық жобаларымыздың қатарына кіреді. Біз Транскаспий халықаралық көлік бағытынан немесе Орта дәліздің дамуынан зор үміт күтеміз. Қатар компаниялары мен қаржы институттары осы саладағы бизнес пен инвестиция мүмкіндіктерін қарастыру арқылы қомақты пайда табады деп санаймыз. Бүгін біз жалпы инвестициялық құны 18 миллиард долларға жуық түрлі коммерциялық құжаттарға қол қоямыз. Бұл экономикалық ынтымақтастықты дамытуға батыл кіріскенімізді көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пікірінше, цифрландыру секторы – екі елдің күн тәртібіндегі басым бағыттардың бірі. Қазақстан мен Қатар жетекші технологиялық орталыққа айналуға ұмтылады.

– БҰҰ Қазақстанды цифрлық технологияларды бейімдеу бойынша үздік отыз елдің қатарына қосты. Соңғы үш жыл ішінде IT саласындағы экспорт 16 есе ұлғайып, шамамен 500 миллион долларды құрады. Бәсекеге қабілетімізді арттыру үшін суперкомпьютерлер мен деректерді өңдеу орталықтарын құра отырып, жасанды интеллектінің жаңа технологияларын әзірлеуге кірістік. Көршілес елдермен бірге Каспий теңізінің табаны арқылы оптикалық-талшықты байланыс желісін жүргізуді және Шығанақ елдерімен оптикалық байланыс желісін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыруды көздеп отырмыз. Power International Holding компаниясының Қазақстандағы телекоммуникация нарығында негізгі ойыншылардың біріне айналу жоспарын құптаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті медицина, фармацевтика және биотехнология салаларындағы байланыстарды екі ел ықпалдастығының тағы бір маңызды бағыты ретінде атап өтті. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық қаржы орталығы Қатардың Орталық банкімен, Қатар қаржы орталығымен және Қатар қор биржасымен берік іскерлік байланыс орнатқанын еске салды. Оның пікірінше, АХҚО-да Қазақстан – Қатар тікелей инвестициялар қоры құрылса, ол бірлескен кәсіпорындарды қаржыландыратын алаң болар еді. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қатар бизнесмендерін биыл маусым айында өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды. Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қатар іскер топтарының арасында бірқатар құжатқа қол қойылды.

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Қазақстан Президенті Қатар Мемлекетінің Консультативтік Кеңесі мүшелерінің алдында сөз сөйлеп, қазіргі жаһандық және өңірлік күн тәртібіне қатысты Қазақстанның ұстанымын білдірді. Президент Қатарға алғашқы мемлекеттік сапары кезінде қонақжайлық көрсеткені үшін Әмір Тәмим бен Хамад Әл Тәниге алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев – Консультативтік Кеңестің алдында сөз сөйлеген алғашқы шетел президенті. Мемлекет басшысы Қатардың 2021 жылы заң шығарушы органға алғаш сайлау өткізгенін атап өтіп, бұл шешімнің маңызы зор екеніне назар аударды. Оның айтуынша, аталған бастама Қатардың өркендеуіне ықпал етіп, халықаралық беделін нығайтады.

– Бүгінде Қатар – озық және қарқынды дамып келе жатқан экономикасымен, сондай-ақ белсенді әрі бейбіт сыртқы саясатымен танымал. Жоғары Мәртебелі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнидің басшылығымен сіздердің еліңіз үлкен жетістіктерге жетті. Қатар өзінің қуатты экономикасын және өркендеген қоғамын мақтан тұтуына болады. Біз бұл мемлекеттің «Қатар – 2030» ұлттық бағдарламасын жоғары бағалаймыз. Мен қатарлық достарымызға осы игі миссияны жүзеге асыру жолында сәттілік тілеймін. Осыған байланысты Консультативтік Кеңес ауқымды реформаларға аса маңызды заңнамалық қолдау көрсетеді және негізгі ішкі процестерді қадағалап отырады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мен Қатар берік достық байланыстарға, ортақ құндылықтарға және өзара қолдауға негізделген сенімді серіктестік қатынастарды құптайды.

– Осы уақытқа дейін біз экономиканың түрлі бағытында, соның ішінде энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және туризм салаларында көптеген бірлескен жобаны жүзеге асырдық. Алдағы уақытта Қатардың Қазақстандағы ең ірі 10 инвестордың бірі болуына мүмкіндік мол. Әмірмен кездесуде біз сауда көлемін ұлғайту жөнінде алдымызға жаңа мақсат қойдық. Мұнай мен газды барлау саласы да өте перспективті бағыт саналады. Біз маңызды геологиялық жаңалықтарға ықпал ететін озық әлемдік тәжірибелерді меңгеру үшін жұмыс істеп жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы халықаралық мәселелерге де ерекше назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси қақтығыстар мен қайшылықтардың, терроризмнің, төтенше климаттық жағдайдың жаһандық күн тәртібінен түспей тұрғанын әрі бұл дүниежүзінің қауіпсіздік архитектурасына нұқсан келтіретінін мойындау қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, барлық қауіп-қатер Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бір мезгілде бұзылуынан туындайды. Мемлекет басшысы Қатардың бітімгерлік рөліне және әлемдегі көптеген жанжалды, соның ішіндегі Палестинадағы жағдайды реттеуді көздеген мәмілегерлік әрекеттеріне жоғары баға берді.

– Зорлықтан тек зорлық туады. Мұның салдары Таяу Шығысқа да, басқа елдерге де ауыр тиеді. Сондықтан қақтығысты одан әрі ушықтырмау үшін жоғары деңгейдегі дипломатия қажет. Жағдайды ымыраласуға қарай бейімдеп, екі мемлекеттің қатар өмір сүру мүмкіндігін қарастыратын шешім табу үшін барлық мүдделі тараптар, соның ішінде өңірлік серіктестер мен әлемдік көшбасшылар айрықша күш-жігер жұмсауы керек. Бұл ретте Қатардың дамылсыз әрекеттерін, әсіресе, оның дағдарысты реттеуге және өшпенділікті, зорлық-зомбылықты, қантөгіс пен қайғы-қасіретті тоқтатып, маңызды бітімгерлік процесті ілгерілетуге бағытталған белсенді дипломатиясын тағы да құптаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Консультативтік Кеңес мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде серіктестіктерімен және бақылаушыларымен, соның ішінде Қатармен диалог жөніндегі ықпалдастықты жандандыра түсуді жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұған қоса, Президент климаттың өзгеруі және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалу барысына тоқталды.

– Маусым айында 2-ші Астана халықаралық форумын өткіземіз. Тақырыбы – «Баянды болашақты бірге құрайық». Бұл алаң климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді көптеген өзекті проблеманы шешу үшін күш біріктіруге ықпал етеді деп сенемін. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Франция Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында One Water салалық саммитіне тең төраға болмақ. Сонымен қатар Астана 2026 жылы БҰҰ аясында Өңірлік климат саммитін өткізуге ниетті. Бұл да маңызды. Климат проблемасын осындай ұжымдық іс-әрекет пен ынтымақтастықтың арқасында ғана шешуге болады, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ жиында Қатар Мемлекеті Консультативтік Кеңесінің төрағасы Хасан бен Абдулла Әл Ганима сөз сөйледі. «Сіздің Қатарға алғашқы мемлекеттік сапарыңыз екіжақты қарым қатынасты стратегиялық деңгейге көтеруде өте маңызды қадам саналады. Осы ретте сіздің сапарыңыздың аясында Консультативтік Кеңеске келуіңіз екіжақты байланыстарға, парламенттік дипломатияға тың серпін береді» деді ол.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Жапония экономикасы құлдырап келеді.

2010 жылға дейін Қытай басып озғанға дейін екінші орында еді, енді алға Германияны жіберіп әлемдегі төртінші орынға түсті. Елдің ЖІӨ 2023 жылдың соңғы тоқсанында 0,4 пайызға қысқарды, дегенмен ол өткен жылдың барлығында 1,9 пайызға өсті дейді үкімет. Жапония экономикасының салыстырмалы түрде әлсіреуі де халық санының азаюын және өнімділік пен бәсекеге қабілеттіліктің артта қалуын көрсетеді дейді экономистер.

Францияның бұрынғы президенті Николя Саркозиді сайлау науқанын Ливия тарапынан қаржыландырды деген айыппен 2021 жылы бір жылға бас бостандығынан айырған болатын.

Париж апелляциялық соты бұрынғы президенттің жазасын өтеу мерзімінің жартысын ғана түрмеде өткізуі керек, қалған алты айға қысқарту туралы шешім қабылдап, оған электронды білезік арқылы жазасын үйқамақта өтеуге рұқсат берді.

Грекияда 16 жылдан бері қалпына келтіру жұмыстарынан кейін Айги қаласының Александр Македонский сарайы ашылды.

Салоникидің солтүстігіндегі порт қаласына жақын жерде орналасқан сарай 2300 жылдан астам уақыт бұрын оның әкесі Филипп II салдырған. Римдіктер қиратып тастаған сарайдың орны 19-ғасырда басталған қазба жұмыстары кезінде табылды. ЕО көмегімен жүргізілген жұмысқа 20 миллион еуродан астам қаржы жұмсалды.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ҚОРҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысының өзі айрықша назар аударып отырған мәселенің бірі – мектептегі қауіпсіздік. Жасыратыны жоқ, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көптеген кемшіліктерге жол беріп отырмыз. Прокуратура өкілдері ашық айтқан жайттар бәрімізді ойландыруы тиіс. Мәселен, балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, суицид фактілерінің азаймауы – осындай қылмыстардың алдын алу жұмысының жүргізілмеуі я болмаса нашар жүргізілуінің нәтижесі. Бір ғана алаңдатарлық факт, 2023 жылы балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыс өскен. Биыл 24 балаға жыныстық зорлық жасалған. Былтыр 83 бала суицид жасап, 12-сі аман қалса, биыл 3 бала өзіне-өзі қол салған. Бұл – бір ғана отбасының қайғысы емес, күллі қоғам болып күресетін мәселе.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Астана қаласының Білім басқармасы әдістемелік орталығымен бірлесе отырып Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицей базасында «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында семинар-кеңес өткізді.

Іс-шараға техникалық және кәсіптік, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының меңгерушілері, жекеменшік балабақшалардың қауымдастығының және ата-аналар комитетінің мүшелері қатысты.

Жиын Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің төрағалығымен өтті, семинар-кеңеске Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова, Астана қаласы прокурорының кәмелетке толмағандар бойынша аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова, қалалық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Қанат Нысантаев, Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Дамир Ермағамбетов, «Назарбаев зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымының Балалардың әл-ауқаты департаментінің қызметкері Әлия Абкенова, Астана қаласы Білім басқармасы басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысып, бала қауіпсіздігіне қатысты баяндамалар жасады, білім беру ұйымдарының өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

– Кейінгі кездері біздің әлеуметтік қоғамда байқалып жатқан тенденциялық факторлар шұғыл түрде бала қауіпсіздігіне қатысты жиынды жоспардан тыс өткізуді қажет етті, осы бағытта нақты жұмыс жасалуы тиіс деп есептеймін. Күнделікті балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы, өміріне жауапты білім мекемелерінің осыған қатысты ең өзекті сауалдарын, мәселелерін дәл осы жерде, осы отырған сарапшылармен бірге талқылап, осы тарапта жұмысты жандандыруымыз қажет. Өйткені мамандар келтірген деректер мен дәйектер, көрсеткіштер алаңдатады. Бұл – балаға, оның отбасына, оқу ордасына қатысты мәлімет қана емес, әр бала біздің ұланымыз, біздің болашағымыз, сондықтан, бұл қоғам болып, бала тәрбиесіндегі олқылықтарға, адам түршігерлік цифрларға бейжай қарамай, оны болдырмауға жанымызды сала күресуіміз қажет, – деді Есет Байкен өзінің сөзінде.

Семинар-кеңесте спикерлер келтірген деректер мен дәйектер, балаға қатысты қылмыстық фактілер, буллингтер, түрлі қиындықтарға тап болуы – балалардың өмірін, денсаулығын сақтау жолында, білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі шаралар қабылдау керектігін аңғартты. Бұл – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі.

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Астанада Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Индира БЕРЖАНОВА

Тарихи күнге орай елордаға еліміздің түкпір-түкпірінен Ауған соғысының ардагерлері жиналды. Алдымен еске алу рәсімі «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Бұдан соң іс-шара Ауғанстанда қаза тапқан интернационалист-жауынгерлерге арналған республикалық мемориалда жалғасты. Оған елорда әкімдігі, қалалық мәслихат, Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті өкілдері, Ауғанстандағы ұрыс іс-қимылдары ардагерлері қоғамдық бірлестігі, Ресейдің Қазақстандағы елшілігі, Чернобыль, Таулы Қарабақ қақтығысына қатысқан ардагерлер атынан салтанатты түрде гүл себеттері қойылды. Бұдан соң барлық Ауған соғысы ардагері де ескерткішке гүл қойып, қаза тапқан жауынгерлерді 1 минут үнсіздікпен еске алды.

Іс-шара барысында Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов жиналған қауымды айтулы күнмен құттықтап, ардагерлердің ерен ерлігі жас буын үшін жарқын үлгі болып қала беретінін атап өтті.

Қазақстаннан Ауған соғысына 22 мың адам қатысып, олардың 947-сі қаза тапты. Ал қазір Астанада 1233 Ауған соғысының ардагері бар. Солардың бірі – елордалық ардагер Ислам Уахитов.

«Бұл сұрапыл соғысқа 1979 жылы 18 жасымда аттандым. Бұрынғы Көкшетау облысы Уәлихан ауданынан 4 азамат аттанған едік. Соның біреуі – Қабаш есімді сарбаз, өкінішке қарай, 1980 жылы сол жақта қаза болып, мүрдесі елге жіберілді. Оның есімі ескерткіште жазылған. Қалған үшеуміз 1981 жылы елге аман қайттық. Оның екеуі Алматыда болса, мен Астанадамын. Жылдағы үрдіспен біз, Ауған соғысының ардагерлері, қыршын кеткен боздақтарды еске алып, интернационалист-жауынгерлер ескерткішіне гүл шоғын қоямыз» деді ардагер.

Еске алу іс-шарасы Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда өткен концертпен жалғасын тапты. Онда бес жүзге жуық интернационалист-жауынгерге «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл» естелік белгісі табысталды.

Ресейлік оппозиция өкілі Алексей Навальный жұма күні жазасын өтеп жатқан колонияда көз жұмды.

Бұл туралы Федералдық қылмыстық атқару қызметінің өкілдері хабарлады. Ол серуендеуден кейін өзін нашар сезініп, бірден есінен танып қалған. «Барлық қажетті реанимациялық шаралар жүргізілді, бірақ оң нәтиже бермеді. Өлімнің себептері анықталуда».



АҚШ-тың Intuitive Machines аэроғарыштық компаниясы жасаған Айға қону аппараты 15 ақпанда NASA-ның Канаверал мүйісіндегі Кеннеди ғарыш орталығынан көтерілді.

Бұл жарты ғасырдан астам уақыттан бері Айға қонған алғашқы американдық ғарыш кемесі және жеке компанияға тиесілі тарихтағы тұңғыш ғарыш кемесі болады деп күтілуде.

Сарыарқа ауданы Ардагерлер кеңесінің қорытынды жиналысы өтіп, оған қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Сарыарқа ауданы Ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің басшысы Дамир Хисматуллин қатысты.

АРДАГЕРЛЕР – ҚОҒАМНЫҢ БЕЛСЕНДІ КҮШІ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– Сарыарқа ауданында 30 416 зейнеткер тұрады. Оның 19778-і 146 бастауыш ардагерлер ұйымына тіркелді. Соның ішінде бір Социалистік Еңбек Ері, үш Ұлы Отан соғысына қатысушы және 770 тыл еңбеккері, 245 еңбек ардагері тұрады. Өткен жылы 80-нен 95-ке дейінгі және одан жоғары жастағы 345 ардагер назардан тыс қалмай, демеушілер есебінен марапатталып, құрмет көрсетілді. Өткен жылы 3226 зейнеткер 77 концертке, 34 спектакльге, 8 экскурсияға қатысты, – деді Сарыарқа ауданы Ардагерлер кеңесінің басшысы Үляш Құсайынова.

Сансызбай Есіловтің сөзінше, қарттар қоғамдық істерге ұйытқы болып, қала тұрғындарының ынтымағы мен бірлігінің бекем болуына сүбелі үлес қосып келеді.

– Ардагерлердің тұрмыс жағдайын, оларға қызмет көрсетудің мәдени-тұрмыстық, медициналық және басқа да түрлерін жақсартуға мемлекет ұдайы көңіл бөледі. Жастарды патриотизм сезіміне баулуда, ұрпақтар сабақтастығын жалғауда, салт-дәстүрді жаңғыртуда ардагерлердің орны зор, – деді Дамир Хисматуллин.

Айтса айтқандай, Ардагерлер кеңесінің елордада атқарып отырған ауқымды шаруасы көп. Әсіресе, қоғамдық бақылау, қадағалау жұмыстарына белсенді қатысып, мемлекеттік бағдарламалардың сапалы орындалуына үлес қосып жүр. Сондай белсенді ардагерлердің еңбегі еленіп, алғыс хатпен арнайы марапатталды.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Қаңтар айындағы Рождество жәрмеңкесінде түскен қаржылай қолдаудың арқасында «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорында ерекше балаларға арналған шунгит бөлмесі ашылды. Ол ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту орнына айналды.

Бөлменің қабырғалары, едені мен төбесі толығымен шунгитпен қапталған. Емдік тас денсаулыққа оң әсер етеді. Мұнда бізді қоршап тұрған электромагниттік өріс бірнеше есе азаяды. Мұндай бөлмеде болудың оң әсері осы қасиетке негізделген. Бір процедураның орташа ұзақтығы – 30-40 минут.

– Мен қордың қызметіне тамыз айында қосылдым. Елші әйелдері қауымдастығында болғандықтан, түскен қаражат қайда кететіні қызықтырды. Қазақстандағы қайырымдылық іс жасау идеясы туындағанда мен бірден Ботагөз Сұлтановаға қоңырау шалып, орталықтан не ашқысы келетіндерін сұрадым. Олардан шунгит бөлмесін ашу туралы ұсыныс келіп түсті, есеп-қисабы жүргізіліп, өтінім толтырылды. Бөлменің құны 2 млн теңгеден асады, 1,5 млн теңгені ассоциация берді, қалған қаржы жағынан «Отбасы банкі» көмектесті. Бөлме ашылды, жұмыс басталды, енді балалар мен олардың ата-аналары өз денсаулығын осында нығайта алады деп мақтанышпен айтамыз, – деді Қазақстан елшілері әйелдері қауымдастығының өкілі Ләззат Ибрагимова.

Кабинеттің салтанатты ашылуынан кейін балалардың дайындаған концерттік бағдарламасымен іс-шараға қатысқан қонақтар орталыққа шағын экскурсия жасап, аралап көрді. Салтанатты іс-шараға Франция елшісінің зайыбы Оксана Дидье, Нидерланды елшісінің әйелі Элла Алавердян, Болгария консулы Илон Щегловтың зайыбы, Сыртқы Істер министрінің орынбасары Людмила Василенконың зайыбы, сондай-ақ Болгария елшісінің әйелі Елена Сорокина, Астана қаласы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасының, сондай-ақ Алматы ауданы әкімдігінің өкілдері қатысты.

«Бақытты шаңырақ» қорының басшысы Ботагөз Сұлтанованың айтуынша, орталық 2020 жылы жұмысын бастаған. Мұнда ерекше балаларды оңалту процедуралары жүргізіледі, аналарын болашақта жұмысқа орналасу үшін оларды оқытады.

– Ботагөз Сұлтанова басқаратын қоғамдық қор мүгедек балалар мен олардың отбасыларына үлкен қолдау көрсетеді. Менің ойымша, бұл бағытта көп жұмыс істеу үшін үлкен жүрек болуы керек. Жалпы, қала әкімдігі соңғы 3 жыл ішінде орталықпен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді, – деп атап өтті Астана әкімдігі Ішкі саясат басқармасының үкіметтік емес секторымен жұмыс бөлімінің басшысы Айдана Қамзаева.

Екатерина ТЫЩЕНКО

№20 (4608) 17/02/2024 Сенбі

ҚАР ШЫҒАРУ ЖАЛҒАСУДА

Астанада қар тазалау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Коммуналдық қызметтер күн сайын 10 мың текше метрден астам қарды қала сыртына шығарып, тәулік бойы күшейтілген режимде жұмысын жалғастыруда.

Қардың қалыпты жағдайдан көп жаууы қала шаруашылықтарына да, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне де көп қолайсыздық туғызады. Әкімшілік аумақтарда, жалпы пайдалану учаскелерінде қармен күрес атқарушы биліктің, арнайы мекемелердің ұйымдасқан күшімен жүргізіледі. Қардың қалыңдығы соншалық, кей жерлерде тіпті жарты метрге жетер-жетпес. Әрине, қаланың қар тазалау қызметіне қатысты айтылып жатқан сын-ескертпелер аз емес, дегенмен қар қанша көп жауғанымен, жол қозғалысына уақытша бөгет болғанымен, ол дер кезінде тазаланып келеді.

Кеше таңертең қала бойынша қар тазалау жұмысына 2,4 мыңнан астам жол жұмысшы және 1,6 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.

Түнгі мезгілде қала көшелерінен 55,5 мың текше метр қар жиналып, полигондарға шығарылды. Бұл 4 мыңға жуық ауыр жүк көлігіне тең.

Қыс мезгілінің басынан бері қаладан 339 мыңға жуық рейс арқылы 4,6 млн текше метрден астам қар шығарылды.

Соңғы түні қала бойынша қар тазалау жұмыстарына 166 жол жұмысшысы мен 800-ден астам арнайы техника жұмылдырылды. Күндізгі ауысымда полигондарға қала көшелерінен 41 мың текше метрден астам, яғни 3,1 мыңнан астам ауыр жүк көлеміне тең қар шығарылды.

Қыс басынан бері қаладан жиыны 342 мыңнан астам рейс, яғни 4,6 млн текше метрден астам қар шығарылды. Мамандардың айтуынша, боранды күндері, ауа райының қолайсыздығы кезінде қоғамдық көліктердің жүретін жолдарына көбірек көңіл аударылады. Осылайша, көше жиектерін, аялдамалардың айналасын қардан тазалап, қоғамдық көліктердің еркін жүруіне жағдай жасалады. Қоғамдық көліктерге, жалпы көлік қозғалысына кедергі келтірмеу үшін негізгі жұмыс, орталық көшелерді қардан тазалау жұмыстары түнгі мезгілде жүргізіледі. Сондай-ақ ауа райының қолайсыздығына байланысты тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі келтірмеу мақсатында алдымен, көпірлер, магистральдық жолдар мен емхана, мектеп, балабақша секілді аумақтағы барлық әлеуметтік нысандардың маңайы қардан тазаланады.

Қала тұрғындарының қауіпсіз жүруі үшін жолдарға, тротуарлар мен көшелерге құм-тұз қоспасы себілуде.

Сарыарқа ауданында «Халықтық қатысатын бюджет» жобасы 6 жылдан астам уақыттан бері жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде тұрғындардың 69 бастамасы іске асты. Өткен жылдың өзінде ауданда 40 аула жаңартылды, оның 24-і аталған жоба бойынша орындалды.

АУЛАНЫ ЖАҢАРТУ ЖОБАСЫ

«Халықтық қатысатын бюджет» жобасы – абаттандыруға бөлінген қаражатты игеруге тұрғындардың қатысуы. Бағдарламаға қатысу үшін елорда тұрғындары ауланы немесе қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарын дайындап, оны аудандық аппараттың сайтына жүктеуі қажет. Содан кейін жобаны сараптау комиссиясы қарайды және мақұлдаған жағдайда дауыс беру кезеңіне өтеді. Ең көп дауыс жинаған жобалар іске асырылатын болады.

Ауланы абаттандыру жоспары тұрғындармен бірге толық қаралып, аудандық аппарат мамандарының көмегімен толықтырылады. Ауланы абаттандыру толық күрделі жөндеуді қамтиды. Оның ішінде: орамішілік аумақтарды асфальттау, шағын сәулет нысандарын ауыстыру, спорт алаңдарын жайластыру және т.б.

«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» ЖЕДЕЛ ІС-ШАРАСЫ

Астаналық полицейлер заңсыз жолаушылар тасымалымен айналысып жүрген көлік жүргізушілерін анықтауға кірісті.

«Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы 29 ақпанға дейін жалғасады. Оның аясында такси көліктерінің жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін сақтау тәртібі де тексеріледі.

Ресми мәліметке сәйкес, 5 ақпаннан бері жолаушыларды заңсыз тасымалдаған 9 такси жүргізуші анықталды. Бұдан бөлек, 46 жүргізуші нөмірсіз жүрген. 380 таксиші міндетті техникалық байқаудан өтпеген. Ал 500 адам жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзған.

«Мәселен, Hyundai көлігін басқарған 35 жастағы Өзбекстан Республикасының азаматы ұсталды. Ол «Яндекс» мобильді қосымшасымен адам тасыған. Бірақ қажетті тіркеу құжаттары болмады» дейді полицейлер.

Өзбекстан азаматы көшіқон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал көлік айып тұрағына қойылды.

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ

2024 жылдың екінші жартысында елордадағы бизнес объектілеріне өрт қауіпсіздігін қамту мақсатында тексеруге мораторий аяқталады. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Мадияр Мырзагелдиев мәлім етті.

– Жыл басынан бері қала аумағында 30-дан астам өрт шықты. Өрттің шығуына кінәлі адамдарға Қылмыс кодексінің 410-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік барын айта кеткім келеді. Елімізде 3 жыл бойы шағын және орта бизнес объектілерін тексеруге мораторий болды. Дегенмен өртке қарсы профилактикалық іс-шараларды тұрақты өткіземіз, – деді Мадияр Мырзагелдиев.

Одан бөлек, басқарма басшысы қаладағы объекті иелеріне ұсыным хаттар жолданып жатқанын айтты.

– 2024 жылдың екінші жартысынан бастап шағын және орта бизнес объектілеріне кезектен тыс өртке қарсы тексеріс жүргізу мораторий бітеді, – деді М.Мырзагелдиев.

Баспасөз мәслихаты барысында Төтенше жағдайлар департаментінің басқарма басшысы Астанада өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылау мақсатында хостелдерде кезектен тыс тексеру жүріп жатқанын айтқан еді.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

СУ БАСУ ҚАУПІ БАР УЧАСКЕЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық алдын ала басталғанын мәлімдеді.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық алдын ала басталғанын мәлімдеді.

Бүгінге дейін елорда аумағынан 4 миллион текше метрден астам қар шығарылды. 16 мың арық пен 700-ге жуық кәріз жүйесі қардан тазартылған.

Қалалық ТЖД басқармасының бастығы Бақытжан Мәуленбердиевтің айтуынша, төтенше жағдайдың алдын алуға байланысты 16 пункт қарастырылған. «2700 адамға дейін қабылдау орны бар. Су тасқынына қарсы 586 жеке құрам және 160-тан аса техника, 65 мотопомпа құрамы құрылған. Жалпы бас қалада су басатын қауіпті аумақ көп емес, – деді ТЖД өкілі.

Мәселен, 2023 жылдың қыркүйегінде қаланың 20 су тасқыны қаупі бар учаскелері зерттеліп, аудан әкімдеріне қажетті шараларды қабылдау, атап айтсақ, каналдарды тазалау және төсеу, арық жүйесін орнату және т.б. туралы ұсыныстар айтылды.

«Бүгінгі таңда коммуналдық қызметтер қаладан 4,5 млн текше метрден аса қар шығарды. 17 мыңнан астам қума метр арық-науа желісі, 160 қума метр коллекторлар, 713 дана жаңбыр қабылдау құдықтары тазартылды, 130 қума метр құбыр реттелді. «Астана Тазалық» базасында 2,5 мың (2213 м3) текше метр құм мен ұсақ тас (135 м3) көлемінде инертті материалдар қоры дайындалды, тағы 11 мың текше метр инертті материалдарды (9 800 м3 құм және 1 943 м3 дресва) жеткізуге келісімшарт бар» деп хабарлады ТЖД.

Бұдан басқа, ТЖ жағдайында азық-түлік пен жанар-жағармай материалдарын жеткізуге 12 меморандум жасалды.

«1 ақпаннан бастап Астана қаласы әкімінің орынбасары сапарлар шеңберінде су тасқыны қаупі бар учаскелерді комиссиялық тексеру бойынша жұмысты жалғастырды. Су тасқыны құбылыстарына уақтылы ден қою мақсатында жеке құрамның 586 адамынан, 156 бірлік техникадан, 65 мотопомпадан тұратын азаматтық қорғау қызметтерінің жалпы тобы құрылды» деп атап өтті ведомствода.

Сондай-ақ ТЖД қала тұрғындары мен қонақтарын үй маңындағы аумақтан көшенің жол бойындағы бөлігіне қарды уақтылы тазартуға, үйден ағынды арықтарға немесе су өткізгіш құбырларға су бұрғыштар ұйымдастыруға, су жүргізу құралдарын алдын ала көздеуге шақырды.

Тұрмыстық электр сорғылары, шелектер, күректер және т.б. дайын тұруы керек. Су басқан жағдайда iKomek қалалық мониторинг орталығының «109» нөміріне немесе құтқару қызметінің «112» нөміріне дереу хабарлау қажет.

ШҰБАРДЫҢ «ШҰБАРАЛА» МӘСЕЛЕСІ

АСТАНАДА «ШЕТКІ АЙМАҚСЫЗ ШАҺАР» ДЕГЕН ТАМАША БАҒДАРЛАМА БАР. БҰЛ БОЙЫНША ЕЛОРДАНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҒАНА ЕМЕС, ШЕТКІ АЙМАҒЫН ЗАМАНҒА САЙ ДАМЫТУ КӨЗДЕЛДІ. ДҰРЫС БАСТАМА! БІРАҚ ҚАЛАНЫҢ ДӘЛ ОРТАЛЫҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ШҰБАРДЫҢ «ШҰБАРАЛА МӘСЕЛЕСІ» ТАУСЫЛМАЙ КЕЛЕДІ

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Редакцияға хабарласқан Елубай Тайбеков көшесінің тұрғыны Зәуре Бектемірова «Оңтүстіктен елордаға газ келеді деген хабарды естіп, енді көмір тасып, күл шығарудан құтылатын болдық деп қуанған едік. Елордаға көгілдір отынның келгені қашан, бізге әлі келген жоқ. 2024 жылдың басында іске қосылады деген еді. Енді қыркүйек айында беріледі деген ақпаратты естідік. Таңертеңгі уақытта Шұбар көк түтін болады. Далаға шығып таза ауа жұту мүмкін емес» деп ентігін басты.

Бірнеше минуттық үнсіздікті бұзып: «Қаланың нышаны не? Біздіңше, орталық кәріз жүйесі мен ауыз суы. Бізде бұл да жоқ. Шұбардың орталық көшесі – Тайбековте бірде-бір бағдаршам жоқ. Осы себепті жиі-жиі автокөлік бір-бірімен соқтығысады. Мектеп те, балабақша да жоқ. Балаларға арналған ойын алаңы да жоқ. Әзірге «жоқтан» көз ашпай тұрмыз» деді Зәуре.

Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, қыс мезгілінде қала түтінге оранып, тұрғындар мен дипломатиялық корпус алдында ыңғайсыздық туындайтынын айтты. Шұбар аумағы дипломатиялық корпусқа жақын екенін ескерсек, Мемлекет басшысы осы аумақты тездетіп газдандыру керектігін айтқанын түсінуге болады.

Шұбарға арнайы барып, сондағы тұрғындармен кездестік. Қайыржан Бәкіров деп таныстырған тұрғынның айтары көп екен.

«Шұбардың байырғы тұрғынымыз. XX ғасырдың 90-жылдардың басында қоныстандық. Ақмолаға ел астанасы көшкенде «біздің алқапқа өркениет өрісі келеді» деп қатты қуанған едік. Содан бері елордамыз дамудың жолына түсті. Бірақ Шұбар ұмыт қалды. Астанаға газ келеді дегенді естіп тағы қуандық. Әлі күнге дейін көмір жағып, күл тасудың бейнетін көрудеміз. Осында балаларымыз туып, жетілді. Енді немерелеріміз өсіп келеді. Үш ұрпақтан бері Шұбардың шарапатын көре алмай бейнет кешудеміз. Әкімдер уәде береді. Алайда іске асқанын көргеніміз жоқ, – деп ренжісін білдірді Қайыржан ақсақал. Ал Темірқазық көшесінің тұрғыны Мұрат Аралбаев: «Шұбардың бір мәселесі – қоқыс. Қоқыс жәшігі тұрғындарға арналғанмен, көбіне коммерциялық құрылымдар қолданады. Осындай нысандардан шыққан қалдықтың иісі тым жағымсыз. Көшелері тар, екі көлік қатар жүруі қиын. Солай бола тұра, кәсіпкерлік субъектілері көптеп ашылады. Былтыр бір нысаннан газ баллон жарылып, адам қайтыс болған-ды. Бірақ кафе қайта ашылып, жұмысын жалғастыруда. Әр үй шама-шарқы келгенінше кәріз (септик) қазып алған. Онда су толған кезде арнайы техника шақыртып, суын тартады. Осындай кезде де Шұбарда жағымсыз иіс жайлайды» деді.

Шұбар тұрғын алабында 50 көше бар. Жалпы ұзындығы – 27 шақырым. Наркескен мен Сарайшық көшесі аралығындағы Мұқағали Мақатаев көшесі – ең ұзыны. Бірақ көшелері тым тар, жаяу жүргінші жолы жоқ, адамдар көлікпен таласып, көшеде жүреді. Көп көшеде жарық қамтылмаған. Бұл туралы Шұбардың тұрғыны Майра Шахмұратова айтып берді. Қысқасы, бас қаланың орталығында тұратын тұрғындар өздерін шалғай елді мекенде тұратындай сезінетінін жайып салды.

БАСШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Тұрғындардан мән-жайды білгеннен кейін жауапты басшыларға хат жолдап, атқарылатын жұмыстар жөнінде білдік. Есіл ауданынан қар тазалау және абаттандыру жұмыстарына ғана жауапты екенін білдік. Газдандыруды Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы іске асырады. Басқарма басшысы Ерлан Сыздықов: «Шұбарды газдандыру жобасы бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынды. Құрылыс-монтаж жұмысын жүргізетін компания анықталды. Қазір мердігер компания 5 шақырым газ тарату желісін салды. Газдандыру жыл соңына дейін аяқталады. Бұдан басқа, алқапты сумен жабдықтау және су бұру желісін салу бойынша жобаны әзірлеу жүргізеді. Бұл жоба 2025-2026 жылы іске асады» деді.

Онда мектеп те, балабақша да болмауы қызық. Қанша жасөспірім бар? Бұл туралы да ақпарат қолжетімсіз. Әлеуметтік инфрақұрылымы дамымаған алқапта тұратын оқушылардан сапалы білім алуды талап етудің өзі артық сынды. Бұл сұраққа Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қаирбаева жауап берді.

– Шұбарда тұратын мектеп оқушылары №17 мектеп-гимназияда білім алады. Мектепке көлікпен тасымалдау қарастырылмаған. 2027 жылға дейін қалада 60 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым салу жоспарланды. Қазір жер телімін бөлу жағы қарастырылуда. 2025 жылдың екінші жартыжылдығында Шұбарда балабақша салу жоспарланды. Ал мектеп құрылысы, қаланың бас жоспарына сәйкес, 2026-2027 жылдары қарастырылады, – деді Маржангүл Қаирбаева.

Яғни шұбарлық оқушылар 3-4 жылға дейін мектептерге қатынап білім алуына тура келеді. Бәлкім, басқарма қатынас көлігін шешіп беретін шығар. Мұндай тәжірибе өзге өңірлерде қаралғанын жақсы білеміз.

Ал Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ержан Диханбаев:

– Шұбарда көшелерді кеңейту мүмкін емес. Онда көлік қызметі №121 маршрутпен жүзеге асады. Кестелердің жалпы саны 5 бірлік және қозғалыс аралығы 10 минутты құрайды, – деп қысқа жауап берді.

P.S: ***Елдің айнасы – Астана десек, елорданың дәл ортасы – Шұбар деп қарастырып, алқаптың инфрақұрылымын жетілдіріп, тұрғындарға жайлы жағдай қалыптастыру маңызды. Тұрғындармен тілдесу барысында осындай ой түйдік.***

КИІКТІҢ САНЫН ТАБИҒАТТЫҢ ӨЗІ РЕТТЕУІ КЕРЕК

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев мәлімдегендей, 10 ақпаннан бастап ақбөкенді атуға уақытша тыйым салынды. Түз тағысының популяциясын реттеу бойынша жұмыс келесі жылы жүргізіледі екен. Бәрекелді! Дұрыс шешім дейік. Бірақ ақбөкенді ату қаншалықты дұрыс болды. Бұл тақырып біраздан бері мазалап жүрген-ді. Санадағы сан ойды Кәрім Жүзбаев есімді ақсақал дөп басты.

– Кезінде Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданына қарасты Төменарық, Сүттіқұдық совхозының қойшылары Қыратауды жайлау ететін. Оған Шиелі ауданының бірнеше елді мекені қосылады. Әр совхоздан 30-50 мыңнан қой таудың жайлауында өрлейді. Біз Қаратаудың теріскей бетінде болсақ, күнгей жағында Шымкент облысы Созақ ауданының малшылары болатын. Қой араласып кетіп, отарды қайта бөлген кездер орын алды. Бәрі есімде...

Біле білсек, киік суыққа төзімді болу үшін қар астынан шыққан улы шөптермен қоректенеді. Шөптің басын кертіп жейтіні осы себепті. Киік жеп кеткен шөптің ортасы уақ мал мен ірі қара, тамырын жылқы жейді. Біздің жаққа киіктер келіп оттамағалы көп болғандықтан, ерте көктемде малдар жиі тышқақтап жүреді...

Сол кездері отармен бірге ақбөкеннің көк қуалап жүргенін талай рет көріп, сырттай сүйсініп отыратынбыз. Киіктер табын болып далада әрі-бері жосып жүруші еді. Қыс қатты болған жылдары бөкендер Сырға келіп, одан әрі Қызылқұмға өтетін. Жазда батыстағы Мұғалжар тауынан оңтүстіктегі Мойынқұм алқабына дейін емін-еркін жайылып жүретін. Қазір сайын далада кедергі көп. Темір жолдар мен уран құбырлары дала тағысының әрі-бері өтуіне мүмкіндік бермейді. Болмаса, Ақтөбедегі ақбөкендер Мойынқұмға дейін келіп, өзінің байырғы өрісін табады ғой! – деп әңгіменің тұздығын келтіріп алды.

Одан әрі: – Қазір ақбөкенді атып, қырып жатыр. Есті адамның істейтін тірлігі ме? Киік – киелі аң. Оның обал-сауабы болады. Мейлі ғой, лицензия алып, атуға жауаптанған компания толық құрал-жабдықпен жабдықталса жақсы ғой! Бөкенді атқаннан кейін арнайы мұздатқышпен жабдықталған автокөлікке тиеп, олардың етін, терісін өңдейтін жерге өткізгені жақсы. Министрлік осындай талаптарды қойды ма? Меніңше, даланы қан қақсатып, қатыгездікпен киіктерді атып, сасытып алуда. Өйткені атушыларда талапқа сай келетін құрылғы жоқ. Е, оның етін өңдейтін арнайы орын жоқ. Біздегілер ақбөкеннің мүйізін кәдеге жаратып жатқан болар, – деп ойын аяқтады ол.

30 жылдан аса шопан болған Кәрім ақсақалдың ойы жүйрік екен. Алды-артын бағамдап, санадағы сан сауалға дәл жауап берді.

Бұрынғының қариялары: «Бөрі қақпанға түспесін, Ақсұңқар торға түспесін, Ақбөкен орға түспесін» деп бата береді екен. Сондағы бөрі де, сұңқар да, бөкен де қазақтың нақ өзі! Өзінің бір баламасына балаған бөрі мен ақбөкенді қырып тастасақ не болады? Әрине, экологиялық апат болады.

Қасқыр – даланың экологиялық тазартқышы. Әртүрлі есеп бойынша 15 мыңға жетпейтіндей ғана қалыпты. Енді ақбөкенге ауыз салдық. Ақбөкен популяциясының тез көбейіп кетуіне қасқырдың азайып кетуі өз әсерін беруде. Бұған дәлелді дәйек келтірейік.

АҚШ-тың Калифорния штатындағы ұлттық паркке бұғылар жіберіледі. Ауа райы жайлы, шөбі шүйгін арнайы аймақта бірнеше жылда бұғылар тез көбейеді. 2010 жылы 32 мың басқа жетеді. Бұғы санының күрт артуы табиғи тепе-теңдік заңдылығын бұзады. Қалай, бұған бұғының қандай қатысы бар дейсіз ғой?! Себебі бұл парк бақа-шаян, құрт-құмырсқа және сан түрлі құстарымен ерекшеленеді екен. Бірақ түз жануарының күрт көбеюі салдарынан шөптің кейбір түрлері жойылып, өзеннің суы тартылады. Бұл жәндіктерге де әсер етеді. Құстар өздеріне қажетті қорек түрлері азайғандықтан, басқа жақтарға кете бастайды. Содан Америка ғалымдарының арасында ұлттық парктегі бұғыларды атып, санын азайтуды ұсынады. Бұған келіспейтін екінші тарап өз мүддесін алға тартады. Не керек, ұзаққа созылған айтыс-тартыстан кейін паркке қасқырлар жіберіледі. Түз тағысы парктегі ақсақ-тоқсақ, кәрілерін жеп, аз уақытта бұғының санын азайтады. Соның нәтижесінде өзеннің деңгейі қалпына келіп, бақа-шаян мен құстар да келеді. Құстар мен жәндіктердің келуімен шөптердің көп түрі қайта шыға бастайды. Міне, өркениетті қоғам табиғи тепе-теңдікті осылай реттейді.

Біз шетелдік таңсық тәжірибелерді енгізуде жан салмаймыз. Бірақ ең қажеттісін алсақ қой, қанеки! Ойлану керек! 80 мың киікті атамыз деп популяциясын жойып жіберсек, жауапкершілікті мойнына алатын тұлға бар ма?

P.S: ***Қайбір жылдары қызыл мияны тамырымен қопарғанда экологтар тоғайдағы шөптің түрлері жойылып кететін болды деп шулады. Сөйтсек, мияға ұялайтын аралар тоғайдан безіп кетеді. Нәтижесінде даладағы шөптер будандаспай, жойыла бастайды. Табиғаттағы тепе-теңдік тіршіліктің тұғыры десек, онда адамдар Жер-анаға қасақана ықпалын азайтуы керек. Олай болмаса, мұның арты үлкен экологиялық проблемаға әкеледі.***

Бетті дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

№20 (4608) 17/02/2024 Сенбі

ДЕСТРУКТИВТІК ИДЕОЛОГИЯҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Осы аптада елордада Мәдениет және ақпарат министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиында ведомство басшысы Аида Балаева министрліктің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын жариялады. Отырысқа Парламент депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ҚХА, ҮЕҰ, жастар ұйымдары, БАҚ өкілдері қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Министр ақпарат, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қатынас, мәдениет, мұрағат, құжаттама және кітап ісі, жастар, отбасы және гендерлік саясат, сондай-ақ креативті индустрия салаларында атқарылып жатқан кешенді жұмыстарды баяндады.

– Мәдениетіміздің өткені мен бүгінін ұтымды ұштастыру, сол арқылы оның ертеңгі келбет-болмысын жасау, оны әлемнің төріне оздыру – баршамызға ортақ міндет. Ал оның түбінде ұлық ойлардан бөлек, қарапайым шаруа, күнделікті шаралар жатыр, – деген министр бұл жұмысты 2029 жылға дейінгі мәдени саясат тұжырымдамасын жүзеге асырудан бастағанын жеткізді. Соның аясында 44 мәдени нысанның құрылысы аяқталса, тағы 260-ы жөндеуден өтті. 64 мыңға жуық мәдениет қызметкерінің жалақысы 55 пайызға өсті. Былтыр республикалық концерттік ұйымдарда 500-ден аса концерт ұйымдастырылып, 2 мыңнан аса спектакль, 65 жаңа қойылым сахналанды. Сондай-ақ еліміздегі татулық пен ынтымақты ту еткен «Бірлік» ансамблі құрылды. Өткен жылы Президент Жарлығымен ел дамуына елеулі үлес қосқан 6 қаламгер «Халық жазушысы» атағымен, 8 өнер қайраткері «Халық әртісі» құрметті атағымен марапатталды.

АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ

Министр 2023 жылы жалпы таралымы 346 мың дана болатын 134 кітап жарық көргенін атап өтті. Соның ішінде «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен бұрын жарияланбаған 14 туынды 42 мың данамен оқырманға жол тартқан. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған 16 әдебиет 48 мың данамен басылып шығып, таратылды.

– Қандай өнердің болсын түп негізі – әдебиет. Әдебиет дамымай, өнердің басқа саласының толыққанды дамуы мүмкін емес. Әрине, мемлекет отандық ақын-жазушыларымызды қолдау мәселесін бір сәтке де ұмытқан емес. Өткен жылдары бұл бағытта жасалған жұмыс аз емес, – деген ол енді кітаптарды басып шығару, әдебиетті қолдау қалың көпшілікпен талқыланып, жаңа ережеге сәйкес жүзеге асатынын жеткізді. Осыған орай, министрлік жанынан әдеби клуб құру жоспарлануда.

ҰЛТТЫҚ КИНО СЦЕНАРИЙІ СҮЗГІДЕН ӨТЕДІ

Министрлік бастамасымен «Кинематография туралы» заңға өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Оның ішінде Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясына мемлекеттік қолдау көрсету бойынша жұмыс басталады.

– Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қолдау орталығының құрылғанына 5 жыл болды. Осы жылдар арасында 5 питчинг өтіп, 100 фильм өндірілді. Алайда фильм тақырыптарының біржақтылығын байқауға болады. Мәселен, ашаршылық, соғыс, нашақорлық тақырыбында фильмдер басым болып тұр. Биылдан бастап мемлекеттік қолдауға үміткер киножобаларды конкурстық іріктеу ережесі өзгерді. Атап айтқанда, Ұлттық киноны қолдау орталығы алдымен сценарийлерді қабылдап, үздіктерін сараптама кеңесі іріктейді. Ұлттық мүддемізге, идеологиямызға сай келетін басым тақырыптар бекітіліп, жақын арада жаңа форматтағы конкурс жарияланады, – деді А.Балаева.

АРХИВ, МУЗЕЙ, КІТАПХАНА ІСІ ЖАНДАНАДЫ

Барлық ведомство мен жүйелердің кітапханаларына қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана кезең-кезеңімен енгізіледі. Биылғы бірінші тоқсанда қанатқақты жобаға қосылатын 2 облыстық кітапхана анықталады.

Орталық мемлекеттік архив жанынан 700 мың сақтау бірлігіне арналған архив қоймасын салу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Бүгінгі таңда елімізде 12 мұражай-қорық бар. Білетін адам үшін біздің тарихымыз ғана емес, бүкіл рухани тыныс-тіршілігіміз осы нысандарда. Қазір туризмнен түсіп отырған пайданың қомақты үлесі де сол мұражай-қорықтардың еншісінде.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысының Жарлығымен ақпараттық доктрина бекітілді. Доктрина отандық ақпараттық контенттің бәсекеге қабілеті мен сапасын арттыру, оның құндылығын толықтыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

– «Онлайн-жарнама және онлайн-платформалар туралы» заң қабылданды. Заң онлайн-платформалар қызметін құқықтық тұрғыдан негіздеп, тиімді ынтымақтастық орнатуға ықпал етеді. Министрлік ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша заң жобасын дайындап, Мәжіліске енгізді. Президент мемлекет мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасфераның даму үрдісін ескере отырып, медиа заңнаманы қайта қарау туралы тапсырма берген болатын. Соған байланысты «Масс-медиа туралы» заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің бірінші оқылымында мақұлданды, – деді ол.

БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР ҚАНДАЙ?

Министр 2024 жылы ақпараттық саясатты жүзеге асыруға қатысты бірқатар міндетті айтып өтті.

– «Масс-медиа туралы» заң қабылданғаннан кейін журналистердің мәртебесі артып, мемлекеттік ақпараттық саясат жетіле түседі деп ойлаймыз. Сонымен қатар мемлекеттік ақпараттық тапсырыстарды бөлу механизмінен гранттық қаржыландыруға көшеді. Заң жобасы отандық медиа-кеңістіктің ақпараттық қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған бірқатар шараны жүзеге асырады. Бұл шаралар радиода шетелдік контентті қайталап көрсету мүмкіндігін 20-дан 10 пайызға дейін қысқарту, теле-радио арналардағы отандық контент пен тілдік үлесті жыл сайын 5 пайыздан 60 пайызға дейін кезең-кезеңмен ұлғайту көзделіп отыр, – деді спикер.

Биыл ақпараттық доктринаны іске асыру жалғасады. Мәселен, «сұр тарелкаларды» таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу, медиа саладағы бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде бірыңғай медиа платформа құру, әсіресе шекара маңындағы аудандарда отандық телерадио хабарларын тарату аумағын кеңейту жоспарлануда. Сонымен қатар сыртқы ақпараттық шабуылдарға және деструктивтік идеологияның таралуына қарсы кешенді шаралар қабылданады.

«Онлайн-платформа және онлайн-жарнама туралы» заңның талаптарына сәйкес, жалған ақпаратты таратуға қатысты жауапкершілік көзделген. Бүгінде онлайн-платформалар мен интернет-ресурстарда 243 жалған ақпаратты тарату фактісі, атап айтқанда, онлайн-платформаларда 238, интернет-ресурстарда 5 факті анықталды. Бұл бағыттағы жұмыстар күшейеді.

ЖУРНАЛИСТЕР БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУҒА КҮШ САЛАДЫ

БАҚ саласында қабылданған маңызды құжаттар мен министрліктің жұмыс жоспарына сәйкес, контент сапасы мен мазмұнын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасады. Соған байланысты министрлік тарапынан журналистердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша семинар-тренинг, оқыту курсын өткізу жоспарлануда. Жоспар аясында еліміздің барлық өңірін қамти отырып, журналистер үшін қазақ және орыс тілдерінде 40-қа жуық оқыту іс-шаралары өткізіледі. Соның ішінде фактчекинг, медиаэтика, киберқауіпсіздік және басқа да өзекті тақырыптар бойынша оқыту курсы өтеді.

Бұл ретте тоқсан сайын әр өңірде цифрлық медиа, фактчекинг, медиаэтика және медиа саланың басқа да өзекті бағыты бойынша кемінде 50 журналисті оқыту жоспарлануда. Сондай-ақ телеарналарда балалар контенті, экологиялық мәдениет, қарапайым еңбек адамы, ұлттық дәстүр, тәрбие, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету секілді өзекті тақырыптарға басымдық берілуге тиіс. Министрлік 2024 жылы салалық журналистиканы дамыту жөніндегі жол картасы шеңберінде республика бойынша 14 жоғары оқу орны базасында курстар өткізеді. Сонымен қатар министр еліміздегі 30 журналистика факультетінің оқу бағдарламасын түбегейлі жаңарту керек деп санайтынын айтты. Одан бөлек, халықтың медиасауатын арттыруға, баспасөз хатшыларының, өңірлік БАҚ өкілдерінің біліктілігін арттыруға бағытталған 2024 жылға арналған медиасауатты дамыту жоспары әзірленіп, іске асуда.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

Бір досымыз жаңадан сатып алған үйіне қонаққа шақырды. Кең, мол жайылған дастарқан үстінде емен-жарқын әңгіме болды. Алайда қайтар мезгілге таяған шақта есік қағып кіріп келген полиция қызметкерлері көтеріңкі көңіліміздің суын сепкендей қылды. «Сіздерге көршілеріңізден шағым түсті» деп хаттама толтырып, 18 мың теңге айыппұл салды. «Құтты қонақ келсе қой егіз табар, Құтсыз қонақ келсе қойға қасқыр шабар» деп атам қазақ айтқандай, бұл жағдайға біз де қатты қысылдық.

ҚАЗАҚЫ ҚАСИЕТТІ ДЕ ЕСКЕРЕЙІК!

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әрине, арақ ішіп, ән салып, бүкіл ғимаратты басымызға көтерсек бірсәрі. Сары қымызды сапырып ішіп әңгіме айтқан қонақтар көршінің мазасын алатындай айқайлаған жоқ. Тек кішкентай екі бала ғана кіріп-шығып жүрген. Оларға да үй иелерінің «ақырын, ақырын жүріңдер, есікті ақырын жабыңдар» деп қайта-қайта ескертіп отырғанын менің де көзім шалған. Бірақ оны полиция қызметкері тексеріп, анықтаған жоқ. «Сіздерге көршілерден бұрын да шағым түскен, сондықтан айыппұл жазамыз» деп үй иесіне қол қойдырды.

– Жігіттер, бұларың артықтау емес пе? Арақ ішіп, шулап отырған жоқпыз. Бала болған соң әрі-бері жүреді. Енді оған бола көршісі арызданды деп айыппұл сала саласыздар ма? Жағдайға қарамайсыздар ма? Қай қазақ үйіне қонақ шақырмайды? «Заңда жазылды» екен деп қазақы қасиетті де белден баспаңдар, «көрші ақысы – Тәңір ақысы» деген бар қазақта. Сендердің бұл әрекеттерің көршіні жауластыру ғой, – десем, «біз келген соң заң бойынша хаттама толтыруымыз керек, қонақ келер алдында көршілерге бір ауыз ескертпедіңіз бе енді?!» деп артық сөзге келтірмеді. «Бардым, бәріне айттым, тек сол біздің үйдің астындағы көрші есігін ашпай қойды» деп үй иесінің әйелі де шыр-пыр боп тұр. Бірақ оны полиция құлағына да қыстырған жоқ. Айыбын салып кете барды.

Үй иесінің айтуынша, бұл жағдай осымен 5-6 рет қайталанған. Тіпті үйге келетін полиция қызметкерлерін танып та алдық дейді. Өйткені астыңғы қабаттағы қытымыр көршісі сағат 10-нан кейін бір қасық сыңғыр етсе де «мазамды алды» деп полицияға шағымданады екен.

«Сағат 10-нан кейін дәретханаға кіруден де қорқатын болдық. Үйдің дыбыс өткізбеу сапасы өте төмен. Үстіңгі қабаттағы көршінің балалары шуласа да, қытымыр көрші бізді кінәлі көреді. Барып жағдайды түсіндіріп те көрдік. Орыс тілді әйел онымызды тыңдамайды да» деп үй иесі шарасыздық танытты. Бір ауыз сөзбен айтқанда, астыңғы қабаттағы көршісі бұларға әбден өшігіп алған. Ал қалған көршілерінен шағым болған емес. «Жақсы көрші саяң, жаман көрші шаян» деген осы.

Әрине, бұл, былай қарағанда, мәдениетке қатысты мәселе болғанмен, мұның арғы жағында қазақы қасиетке қарсы пиғыл, «көршілер ақысы – Тәңір ақысы» деген ұғымды қақпайтын қараңғылық жатыр. Әйтпесе біз «алыстағы туыстан жақындағы көрші артық» деген халық едік қой. Ал заң атқарушыларға келсек, «шағым түсті» деп айып сала беруі де орынсыз деп ойлаймыз. Үй қабырғаларының дыбыс өткізуі нашар болса, бұл – құрылыс компанияларының кінәсі. Тірі адамның үй ішінде әрі-бері жүретіні, аңқылдап сөйлеп, қарқылдап күлетіні де заңдылық. Сағат 9-да ғана қозғалып, 22:00-де «сөніп» қалатын ол үйде құлтемірлер тұрып жатқан жоқ қой. Көршім арызданады екен деп өз үйінде үндемей, тышқан аңдыған мысықтай жүруі керек пе?! Олардың мүддесін кім қорғайды сонда?! Мүмкін «көсей берсе от өшер, түртпектей берсе көрші көшер» дегендей, мүмкін ол әдейі сыйғызбай жүрген де шығар. Осындайда «Жер сатып алмай тұрып суын сұра, Үй сатып алмай тұрып көршіңді сұра» деген сөз еске түседі.

Астана қаласы ПД ЖПҚБ УПИ ЖҰЖ басқарма бастығы, полиция майоры Мирхат Фархатұлы Құрманғалиевтің айтуынша, көршілердің мазасын алуына байланысты мынадай түзім бар: «егер масаң күйде түнгі уақытта көршілерін мазаласа, ҚР ӘҚБК 437-бабына сәйкес (тыныштықты бұзу), әкімшілік жауапкершілікке тартылады, жұмыс күндері сағат 22:00-ден таңғы 9:00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23:00-ден таңғы 10:00-ге дейін тыныштықты бұзуы осы бап бойынша 5 айлық есептік көрсеткіштен 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Сонымен қатар масаң күйінде қоғамдық орында көршілерінің мазасын алса, ҚР ӘҚБК 440-бабына сәйкес (алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу), әкімшілік жауапкершілікке тартылады, осы бап бойынша 5 айлық есептік көрсеткіштен 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді».

Сондай-ақ қоғамдық орында масаң күйінде көршілеріне былапыт сөйлеп, мазасын алса, ҚР ӘҚБК 434-бабына сәйкес (ұсақ бұзақылық), әкімшілік жауапкершілікке тартылады, осы бап бойынша 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не 5-тен 30 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Бірақ бұл арада заң атқарушылардың «арыз түсті, біз шара қолдануға мәжбүрміз» деп жағдайдың мәніне толық көз жеткізбей айып салу орынсыз.

ҚҰЛДЫҚ ҚАМЫТЫ

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінде өткен алқа мәжілісінде еліміздегі адам саудасымен күрестің өзектілігін, мұндай қылмыстарды тергеу мен кінәлілерді сот тәртібімен жазалауды қатайту қажеттігін, сондай-ақ осы бағытта алда атқарылатын жұмыстардың маңызын атап өткен еді.

ЗАҢДЫ ҚАТАЙТҚАН ЖӨН

Қазір адам саудасының ең көп таралған түрі әйелдерді жезөкшелікке итермелеу, притондар ұйымдастыру мен жеңгетайлық болып отыр. Тіпті еңбек нарығындағы құлдық та жылдан-жылға көбейіп барады. Әсіресе ішімдікке бейім, жанын қинап жұмыс істегісі келмейтін 20-50 жастың арасындағы ер адамдар көбірек жапа шегуде. Өткен жылы тіркелген жаңа туған нәрестелер мен кәмелетке толмаған балаларды сату оқиғалары да алаңдатып отыр.

Жыл қорытындысына байланысты кеңейтілген алқа мәжілісінде ҚР Ішкі істер министрі, ведомствоаралық комиссия төрағасы Ержан Сәденов жасырын адам саудасына қарсы күресте құқық қорғау органдары қызметкерлерінің 2023 жылы атқарған жұмысын саралап, осы негізде жүйелі де кешенді шаруалардың атқарылғанына тоқталды.

Жасыратыны жоқ, елімізде адам саудасы біраздан бері Үкімет пен құзыретті органдардың бас ауруына айналып келеді. Тек 2023 жылы ғана осы бағытта 124 қылмыстық іс қозғалып, 27 адам құлдықтан босатылған. Оның 22-сі – жасы кәмелетке толмаған 12-17 жас аралығындағы жасөспірім. Ең сорақысы, ардан безгендер 14-17 жас аралығындағы 7 қыз баланы жеңіл жүріске мәжбүрлеген.

«Құқық қорғау органдары адам саудасына қарсы күресте жұмыла қимылдап, қолдан келетін барлық мүмкіндікті жүзеге асырып жатыр» деді ведомство басшысы. Соның бірі – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне жолдаған заң жобасы. Бұл құжат таяу уақытта қабылданса, адамдарды тірі тауарға айналдырып, аяғын алшаң басып жүргендерге қылбұрау салып, тәубесіне келтіруге молынан мүмкіндік туар еді деп ойлаймыз.

Расында, қазір адамдарды көшеден, вокзалдан, аялдамадан алып кетіп, ұрып-соғып, құжатын тартып алып, алыс мекендерге апарып мал бақтырып қоятындар немесе әлі он екіде бір гүлі ашылмаған жап-жас қыздарды жезөкшелікке жегетіндер заңның осалдығын, олардың өз құқығын жете білмейтін сауатсыздығын пайдаланып жүр.

Мәселен, Астана қаласының тұрғыны Әлима есімді келіншек өзінің отбасындағы болған келеңсіз жағдай туралы істің анық-қанығына жете алмай екі жылдан бері құқық қорғау мекемелерінің табалдырығын тоздырып жүр. 2019 жылдың қыркүйек айында 1979 жылы туған Ерқанат атты інісі базарда жүкші болып жұмыс істеп жүреді. Бір күні үйіне кешқұрым келіп апыл-ғұпыл «Бір жақсы «калым» шығып тұр» деп қасындағы Тарғын деген жігіт екеуі үш күнге 200 мың теңгеге бір жұмысты атқаруға келіскенін айтып, үйден шығып кетеді. Сол кеткеннен ол қайтып оралмайды. Отбасы, жақын-жуығының іздемеген жері қалмайды. Із-түзсіз жоғалып кеткен адамды полиция да таба алмай дәрменсіздік танытады. Оның үстіне елде дәл сол кезде жаппай індет басталып, «жығылғанға – жұдырық» болады. Тек 2021 жылдың мамыр айынан бастап Әлима інісін дендеп іздей бастайды. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру береді. Аяғы жеткен жердегі шаруа қожалықтары мен фермерлерді түгел аралап шығады. Балшы-көріпкелдерді де жағалайды. Дегенмен еш нәтиже болмайды. Сөйтіп жүргенде, 2021 жылдың күзінде қоңырау соғылады. Хабарласып тұрған қалалық криминалды полиция бөлімінен екен. Қарағанды облысының Бесоба деген ауылында өзеннен өтеміз деп екі адамның бірі суға батып кеткен де, екіншісі жағаға шыққанмен, еш құжаты жоқ, ауруханада хал үстінде жатқанын айтады. Ертеңінде аталған мекенжайдағы ауруханаға барса, ес-түссіз жатқан өзінің інісі екенін таниды. Бір айдан кейін оның беті бері қарағанмен, өзінің қайда, кімде құлдықта болғанын тап басып айта алмайды. Тек айтатыны: «Бізді Нариман есімді бір адам көп ақша беруге келісіп, қой қырқуға алып барып, құжатын тартып алып, жібермей қойған». Содан бұл екеуі ыңғайын тауып қашып шығып, өзеннен өтеміз дегенде есін жоғалтқан. Тексере келе, олар судан өткен Бесоба ауылында ондай фермер де, шаруа қожалығы да жоқ болып шығады. Ауылдан бірде-бір адам бұл кісілерді көрмеген болып шығады.

Абай облысында жүйке ауруымен есепте тұратын 50 жастағы ер адамды екі жігіт алдап, Семейден 200 шақырым жердегі ауылға алып барып, малдың соңына салып қойған.

Оралда 30 жасар келіншек 17-дегі қызды алдап-арбап, қорқытып, үш ай бойы тәнін еркектерге саудалап, түскен ақшаны тек өзінің қалтасына басып отырған.

Айта берсе, мұндай мысалдар жетіп артылады. Тіпті арасында жаңа туған сәбиді саудаға салғандары да бар.

ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ БОЛСА...

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұйымдасқан қылмыспен күрес департаменті адам саудасымен күрес басқармасы бастығының орынбасары Шынар Көшербаеваның айтуынша, 2022 жылы адам саудасына қатысты елімізде 57 қылмыстық іс қозғалса, 2023 жылы ол 103-ке жетіпті. Бұл – қатты ойланарлық жағдай. Жыл өткен сайын адам ұрлау өсіп бара жатыр. Заңгер Мұратбек Есмұрза мұның астарында еңбек заңнамасының өрескел бұзылатыны, адамдарға уақытында мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек көрсетілмейтіні сияқты түйінді түйткілдер жатқанын айтады. Бұған қоса, құқық қорғау органдары адам ұрлығы мен адам саудасына жеткілікті дәрежеде маңыз беріп отырған жоқ. «Жұмыс іздеп кеткен шығар, табылар» деген сыңайда жан-жақты іздеуге, оны жіті тергеуге жеткілікті көңіл аудармайды.

«Тәжірибе көрсетіп отырғандай, Қазақстанда адам саудасы, негізінен, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен құрылысқа, сосын жас қыздарды жезөкшелікке пайдалану мақсатында алаяқтық жолмен жүзеге асатыны белгілі болды. Алайда жергілікті жерлерде оған ешкім де назар аудармайтын жағдайға жетті. Мәселен, ауылдық жерде «бәленше деген фермер қаладан бір-екі «бич» алып келіп жұмыс істетіп жатыр екен» деген сөздерді кез келген адам естісе де, оған мән бермейтін болдық. Ал шындығында, бұған жергілікті жердегі көзі ашық әрбір адам бей-жай қарамауы керек еді. Дабыл қағып: «Ол адамдар қайдан келген? Жеке басын куәландыратын құжаты бар ма? Жұмысқа өз еркімен келді ме, әлде зорлықпен әкелді ме?» деген жайларды көтерсе, адамды құлдыққа жегетіндер саны азаяр еді» дейді заңгер.

Мойындау керек, қазір ауылдық жерлерде көп адамның жеке басын куәландыратын құжаты жоқ. Күнделікті қажеті болмаған соң қайда қалғанын білмейді немесе жоғалтқан. Міне, осындай адамдар жұмыс іздеп шығып, көбіне адам саудасымен айналысатындардың құрбаны болып жатады.

– Бұған қарсы тұру үшін ауылдық жерлерде мұғалімдер мен дәрігерлерді, әкімдіктің қызметкерлерін осындай еңбек құлдығына жегілген адамдарды анықтайтындай оқу курсын өткізу керек. Еңбек инспекторларына күдіктенген әр адамды бақылауға алатын, қажет болса, тергеп-тексеретін өкілет берілуі керек, – дейді қоғам белсендісі Нұрзада Есім.

СӘБИЛЕР САУДАҒА САЛЫНАДЫ

Туған анасын іздеп жүрген белгиялық қазақ жігітінің тағдырына алаңдап, оның заңды өкілі болып жүрген белгілі журналист Қымбат Досжанның айтуынша, елімізде бала сату осы ғасырдың басында өріс алып, әлі жалғасып келе жатқан көрінеді. Тіпті перзенттханаларда баласынан жағдайы болмай бас тартқан аналарға кейін «сәбиің шетінеп кетті» деп жақындатпайтын фактілердің бар екені айтылады. Сосын сол шақалақты перзент сүйе алмай жүрген келіншектерге сататыны белгілі болып жатыр. Қылмысы әшкере болып, басы дауға қалып жатқан медицина қызметкерлері де анықталыпты. Бұл – өте ауыр қылмыс. Сатқанның да, сатып алғанның да іс-әрекеті дәлелденсе, 18 жылға дейін темір торға қамалуы мүмкін. Бірақ оған тоқтап жатқан қаскөйлер байқалмайды.

Астана қаласының тұрғыны Өтеулі Кенжебектің ойынша, сәбилерді саудаға салуға о баста мемлекеттің өзі жол беріп қойған. Кейін астыртын етек алып кеткен бұл қылмыстың жолын түпкілікті кесу енді мүмкін еместей көрінеді.

«Жат елге қаракөз бүлдіршіндеріміздің «сырқатынан емдетеміз» деген желеумен қомақты қаржыға саудалағаны өз алдына, дені сапсау бөбектердің кезінде қаншасы мұхит асып кеткенін бір Құдай білсін. Дегенмен бүгінде олардың кейбірі там-тұмдап айқындалып жатыр. Сәбилер әлі де сатылады. Осы келеңсіздікке құзырлы органдар, қоғамды жұмылдыра отырып, жол бермесе құба-құп болар еді» дейді қала тұрғыны.

АРЗАН АТАҚҚА АЛДАНҒАНДАР КӨБЕЙДІ

Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіз еліміздің бейнесін танытатын символдық мән-мағынаға ие қастерлі ұғымдар. Елдігіміздің негізгі нышаны – Мемлекеттік рәміздерді терең тану мен қадірлеу – біз үшін де, келешек ұрпақ үшін де аманаты үлкен парыз. Бірақ рәміздеріміз бен мемлекеттік наградалардың атауын, кескінін, кейбір элементтерін қайталайтын түсініксіз ұйымдардың мән-мағынасы жоқ орден-медальдары, жалған атақтары жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткені шындық. Мұндай үрдіс ешкімге де абырой әпермейді, керісінше, адамды даңғойлыққа, жеңіл атаққұмарлыққа итермелейді. Дабыл қақпасқа амал жоқ!

Хакім Абай: «Арсыз болмай атақ жоқ, Алдамшы болмай бақ қайда?» демекші, арзан атаққа алданғандар мен жеңіл жолмен пайда тапқыш, атақ сатқыштар көбейіп барады. Тіпті жеке адамдардың тойларында да жалған атақтар мен құнсыз сөлкебайларды жыртыс таратқандай үлестіріп жататын келеңсіз көріністерге көңілің құлазиды. Тағы да сол Абай жарықтықтың: Бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалма-жан деп күйінетіні осындайдан ғой. Мысалы, сіз 50 мың теңгеге пысықай ұйымның атынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» медаліне, ал 100 мың теңгеге «Қазақстанның құрметті азаматы» атағына ие боласыз.

Сан ғасырлық елдік тарихымызда «Ұлт ұстазы» деп халық ұсынған сәулелі сөзді қастерлеп Ахмет Байтұрсынұлына ғана қолданатын едік, қазір «Ұлт ұстазы» деген атақты бар болғаны 10 мың теңгеге сатып ала саласыз. Академик дегенде көз алдымызға Қаныш Сәтбаев секілді ғұлама ғалымдар елестеуші еді, қазір 200 мың теңге беріп қаптаған түсініксіз академиялардың жалған академигі бола саласыз. Міне, асылдың – жасыққа, құндының – құнсызға, қымбаттың – арзанға, мөлдірдің батпаққа айналуының нақты көрінісі! Сонда бабаларымыздың бойтұмарындай болған әділет, қанағат, ынсап қайда қалды, ағайын?! Бұл – құрметтеу емес, қорлау, жұртты алаөкпе қылатын, өте қауіпті әрі қоғамды бүлдіретін үрдіс. Осы ретте әділетті келешекке қадам басқымыз келсе, сатылатын мәнсіз марапаттардан қоғамды сақтандыру маңызды.

Мемлекеттік рәміздерімізді ретсіз қолданып, жалған атақтар мен құнсыз сөлкебайларды сатып пайда тапқыш пысықайлардың әрекетіне құқықтық негізде тыйым салу керек. Бұл – бір. Екіншіден, рәміздер мәселесінде әлі де ойластыруды, ортақ шешімге келуді қажет ететін түйткілдер бар. Біздегі түйткілдердің бір ұшы атауға байланысты. Геральдика – гербтер мен оларды қолдану дәстүрлерін ғана зерттейтін арнайы тарихи пән. Яғни геральдиканың нысаны – тек қана гербтер. Ал рәмізтану – бұдан кең ауқымдағы зерттеулерді қажет ететін сала. Сондықтан бұл жұмыстармен айналысатын мекеме «Геральдикалық зерттеу орталығы» деп емес, «Ұлттық рәмізтану орталығы» деп аталғаны жөн. Өйткені рәмізтану нысанында мемлекеттік рәміздермен қатар, ертедегі символдық таңбалардан бастап ою-өрнектер тіліне дейін қамтылады және олардың рәміздік мән-мағынасы ашылады. Рәміздер мәселесін өз елінің тарихымен сабақтастыра қарастыру әлемнің Жапония, Франция сияқты дамыған елдерінің тәжірибесінде бар. Осыған орай, біздің рәмізтану арнайы ғылым ретінде қалыптасатын уақыт келді. Жоғарыда айтылған ойлардың түйіні ретінде мынадай ұсыныстарды айтамыз:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Ұлттық құрылтайда айтқан тапсырмасынан нәтиже шығарып, аймақтар мен қалалардың таңбасын әлемдік стандарттар негізінде бірыңғай үлгіге икемдеп әзірлеу және бекіту тәртібін ретке келтірген жөн.

2. Қазіргі Геральдикалық зерттеу орталығының атауын «Ұлттық рәмізтану орталығы» деп өзгерту мәселесі қарастырылсын.

3. Рәміздерді ғылыми тұрғыда зерттеп, жүйелеу ісіне рәмізтанушылармен қатар, тарих, археология, этнография салаларының мамандарын да кеңінен тарту қажет.

4. Мемлекеттік рәміздер арқылы қоғамда патриоттық сезімді орнықтыру үшін балабақшадан бастап, мектеп, колледж, ЖОО-да рәмізтану бойынша арнаулы тәрбиелік іс-шаралар жоспарлы түрде жүйелі өтуге тиіс.

5. Мемлекеттік рәміздердің элементтерін, мемлекеттік наградалардың және атақтардың атауын қайталайтын әрекеттерге тосқауыл қою керек.

Аманжол ӘЛТАЙ,
Мәжіліс депутаты

№20 (4608) 17/02/2024 Сенбі

ЕРЕКШЕ ЕКПІН, ТЫҢ СЕРПІН

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада әдебиетке ерекше екпін, тың серпінмен келген жас жазушы Әлихан Жақсылықтың «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» кітабының таныстырылымы өтті. Фариза Оңғарсынова атындағы залда өткен кешке астаналық ақын-жазушылар, белгілі әдебиетші ғалымдар, тіл мамандары, журналистер, студенттер қатысты. Кездесу еркін пікір алмасу форматында өтті. Авторды мақтаудан ада, шынайы сын мен тілек айтылған танымдық кеш әдебиетке мүлде басқа толқынның, жаңаша ойлайтын жастардың келгенін танытты.

Белгілі әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы жас жазушы кітабының таныстырылымына арнайы келгенін, оның шығармашылығынан көп үміт күтетінін ағалық көңілмен әдемі жеткізді.

– Әлем әдебиетін қарасақ, XX ғасырдың басында постмодернистік бағыттағы француз жазушысы Марсель Прустың «В поисках утраченного времени» романын немесе ирландиялық Джеймс Джойстың «Улисс» романдарын оқып, оны түсініп, талдап бере алатындай оқырмандар қалыптасты. Қазір бізде бар ма ондай шығармалар? Жоқтың қасы. Күрделілеу дүние жазса, «ой, мынау тым күрделі жазады, адам түсінбейді...» деп жатады. Жазушы шығармасын оқып, оқырман баяғы оқырман сияқты қалып қоймай, ол да өсуі керек қой. Мысалы, шетелге барғанда, олардың оқырмандарымен сөйлескенде байқағанымыз, олар біздің әдебиеттанушылардан да жақсы сөйлейді, өресі кең, талғамы биік. Оларда әдебиеттегі абсурдтық проза, экзистенциалистік проза, әртүрлілік, әдебиеттегі талғам әбден қалыптасқан. Жазушылар өздері іздене отырып, жаңаша жаза отырып, жаңа оқырманды тәрбиелей білуі керек деп ойлаймын. Ал өкінішке қарай, біздің жазушыларымыз баяғы тарихи тақырыптарды қозғап, сол баяғы Алтын Орда кезеңін, тағы басқаларды қаузап жатады. Жалпы, әлемдік әдебиетте тарихи тақырыптарды үлкен прозаға жатқызбайды. Нобель сыйлығын алған жазушылардың барлығының шығармаларын оқып шықтым, әрине, бірен-саран ғана ұлтын көтермелеуге қатысты саяси жағдайға байланысты берілген сыйлық бар. Мысалы, XIX ғасырдың аяғында тарихи және әлеуметтік өткір туындыларымен қоғамдық санада сілкініс туғызған поляк жазушысы Генрик Сенкевичті осы санатқа жатқызуға болады. Ол сол кездің ащы шындығын жазды, сол үшін сыйлыққа лайықты болды. Бүгіннің шындығын жазатын дүние бізден де табылуы керек. Қазақ әдебиетінде де шындықты жазатын жазушылар өсіп келеді. Жазушылық дәстүрде машық пен суреткерлік деген бар. Соны ажырата алатын жігіттер қалыптасып келеді. Бізде қырықтан асқан жігіттер бар, әбден танылып, жұлдыз болып қалған, олар бірақ машық пен суреткерлікті шатастырады. «Ой, әдебиет, жазу менен қалған ғой» деп ойлайды. Суреткерлік деген өмірлік ізденіс тоқтаған жерде өзіне табынып, еңбектену біткен жерде оның қаламынан туатын құнды дүниелер де жоғалады... XXI ғасырдағы жастардың стилі бөлек, осы Әлихандардың заманы басқаша қалыптасып келеді. Олардың бізден ерекшелігі мұнда – біз ақпараты аз, сүзгіден өткен әдебиеттерді оқысақ, қазіргі әдебиетшілердің ауқымы кең – олар бүкіл әлем әдебиетін емін-еркін тауып, оқып отыр. Бірақ оның ішінен жақсысы қайсы, жасығы қайсы, шыны қайсы, шедеврі қайсы – соны ажырата білу өте маңызды. Бұл жас толқынның сірескен тоңдай мұзды жарып шығарына сенемін, тың тақырыптарға барып, бүгіннің шындығын жазарына үмітпен қараймын. Әлиханның бойында талант бар, бірақ талант бір пайыз, қалған тоқсан тоғыз пайыз еңбекке тиесілі екенін ұмытпаған абзал. Еңбектену бұл бас салып жаза беру емес, бұл – формамен, стильмен жұмыс істеу, әр жазғаныңды жүрек сүзгісінен өткізіп, оқырман қалай қарайды, анау қалай қарайды деп емес, қоғамдық пікір туғыза алатын шын мәніндегі жақсы, үлкен дүние жазуға тырыс. Габриель Гарсиа Маркестің өзі айтқан сөзі бар, «мен Достоевский, Толстой, Бальзак секілді ұлы жазушы боламын» деген амбициясы болған екен. Биік мақсат қою арқылы әлем мойындайтын күрделі дүние жазуға болатынын ұмытпа, Тынымбай Нұрмағамбетов, Мұхтар Мағауин секілді болсам болды, жетеді десең, бітті, сенен ештеңе шықпайды. Қазір жақсы келе жатырсың, бірақ жақсы келе жатқан адамды жолдан тайдыратындар, былғайтындар табылатынын да ескер. Оны талай басымыздан кештік те. Жақсы ағалар, билікте жүргендер сені өз жағына тартуға тырысады. Ең бастысы, сен шындықты жазу арқылы ұлтқа қызмет етуің керек, шындықты айтудың да жөні бар, дөрекілік пен жабайылықтан абай болған жөн. Кез келген шындықты мәдениетті түрде жеткізе білу – парыз, – деді Аманкелді Кеңшілікұлы.

– Ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыздың айтатыны бар еді, адамдарды кемсітіп, я төмен, я жоғары бағаламай, олардың ішкі үнін естіп, тыңдай білу керегі жайында. Біздің қоғамда сын айтқанда біреуді тұқыртып, жоқ қылып жіберуге дайын болып тұратын жаман әдетіміз бар екені өкінішті. Қазір – сын мен шынның айқындалар кезеңі. Сынды көтере алатын адамдар да бар. Әлиханның кітабында қазір мектепте болсын, қоғамда болсын, бәрі өзімбілермендер толып жүргенін жазады. Адам құқығы деген – бірінші орында тұратын мәселе. Тарихшы мұғалім мен Карлдың айтысы, кейіпкерлердің аузымен айтылған сөздер, шындық, қоғамдағы өзекті мәселені көтереді. Соларды өзгеше жолға қоятын құралды дұрыстап беру деген мәселе туындайды. Сол тұрғыдан келгенде, Әлихандай жас жазушының қоғамды өзгеше тәрбиелей алатын бағыты, құралы дұрыс деп айтар едім, еңбегіңіз жемісті болсын! – деді кездесуде Астана халықаралық университетінің оқытушысы Меруерт Тілепалдиева.

Кітапханадағы кездесуге келген жастар, көпшілік Әлиханның өз қаржысына Алматыдағы «Ар» баспасынан шыққан кітабын таласа-тармаса сатып алып жатты. Осыған қуандық. Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен ағылшын тіліне аударылған кітап жақында Еуропадағы баспалардың бірінен шығады деп күтілуде. Кітаптың дизайны да тартымды. Талантты суретші Шаттық Батанның философияға толы суреттері кітаптағы ойларды толықтыра түскендей. Романды тек оқу керек. Кері кеткен қоғам өзгеше ойлайтындарға келгенде суық, апарар жындыханасы да дайын, жардан итеруге икемделіп тұратыны рас... Өз ойынан айнымаған Карл сияқтылар түбі адамзаттың жетіліп, әділет жеңетініне сендіреді. Біз де соған сенейік.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейде «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

ӨЗБЕКӘЛІ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи салған сара жолды өскелең ұрпаққа жеткізу, хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтардың тәжірибесін тарату, сондай-ақ Өзбекәлі Жәнібековтің Ясауи мұрасын жандандырудағы еңбегін таныстыру мақсатында өткен іс-шара аясында аталған мектептен Өзбекәлі Жәнібек атындағы мұражай ашылды.

– Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуіне білім беру сапасы мен ғылымның қосар үлесі айрықша екені барлығымызға мәлім. Ойшыл, ақын, ұстаз, ағартушы, діни қайраткер Қожа Ахмет Ясауи туралы деректер мен оның шығармашылығы туралы орта білім беру ұйымдарында оқыту қарастырылған. Елімізде Қожа Ахмет Ясауи атындағы 9 мектеп жұмыс істейді. Бұл мектептерде әртүрлі іс-шаралар өтуде. Онда мұражайлар мен кітапханалар жұмыс істейді. Сонымен қатар осы оқу жылында Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру көзделіп отыр. Сондай-ақ тарихи тұлғаның атындағы халықаралық олимпиада өтеді, – деді іс-шарада сөз сөйлеген ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Жомарт Карамбаев.

Ол Қожа Ахмет Ясауи тақырыбына арналған ғылыми конференцияның Астанада алғаш рет өтіп жатқанын, ауқымды іс-шараның келесі кезеңі 29 наурызда Түркістан қаласында өтетінін еске салды.

ТӨРТ ЖАНРДЫ ТҮГЕНДЕГЕН

Қазақстан Журналистер және Жазушылар одақтарының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын, сатирик, прозашы, детективші Өріс Яшүкірқызы көп жыл «Астана ақшамы» газетінде қызмет етті. Биыл 75 жасқа толып отырған Өріс апайды өлең, проза, сатира, детектив сияқты төрт жанрда еркін қалам сілтеген ерекше дарын иесі ретінде танимыз.

Айгүл УАЙС

Мерейлі жастың сүйіншісі ретінде Өріс Яшүкірқызының төрт томдығы оқырмандарына жетіп отыр. «Жан сарайым – өлеңім» деп аталатын өлеңдер жинағы, «Ескі қоныстағы ел» прозалық шығармалары болса, үшінші том жазушының сатирасына арналған екен. «Ұшық пен пұшық» деп аты айтып тұрғандай, жазушы уытты тілмен тірлігімізде кездесе беретін жықпылтым тіршіліктердің бір сипатын түйреп өтеді. Әдебиеттегі кенжелеп қалған сатира жанрының түрленуіне бір адамдай үлес қосқан Өріс апамыз 1970 жылы атақты сатирик-сықақшы Асқар Тоқмағамбетовтің облыста үлкен ақындар айтысында «Сатирада жолың болсын!» деп берген батасын алады. Содан бері де сын-сықақтың атақты атасы болмаса да, сатира қазанын қайнатып, отын жағып, тілімен күйдіре білген нағыз апасы болды. Қарымды әзілімен қисынын тауып айта алған сатирасы еттен өтіп, сүйекке жетті. Мүмкін бұл Өріс Яшүкірқызының сатираға енді қалам сілтеген кезінде, 1970 жылы, атақты сатирик-сықақшы берген батаның әсері шығар.

Соңғы түйенің жүгін арқалаған «Құлдықтағы қылмыс» шытырман оқиғасы детектив жанрында жазылған. Бұл жанрда да автор шебер детективші болды. Оның мемлекеттік тапсырыспен шыққан осыдан төрт жыл бұрын «Жіп тұзақ» детективті әңгімелер жинағы («Дәуір» баспасы, 2020 ж.) жарық көрген еді, сол еңбекті жетілдірген «Құлдықтағы қылмыс» («Балалар әдебиеті» баспасы, 2024 ж.) оқырмандар арасында үлкен қызығушылық тудыра отырып, оқырмандарына жетті. Кітап «Ашылмаған қылмыстар» және «Ашылған қылмыстар» деген екі бөлімнен тұрады. Бұл детективтің оқиғалары өмірде болған оқиғалардың ізімен жазылған. 1967-2017 жылдар аралығында жасалған әйелдер қылмысының бір үзігі жазушы қиялында сұрыпталып, қазақы көзімен жазылып, жанрды аша түскен. Қазақы дейтініміз де бар. Өкініштісі сол, қылмыстың ортасында қазақтың қызы жүр. Қалада өскен құрбыларына қарағанда именшектеу, ауылда өскен биязы бойжеткеннің өмірдің иірімдеріне түскендегі әрекетін бағалаудың өзі де қиын. Қылмыстың аты – қылмыс. Алайда арғы жағынан намысына тиіп, арын таптаған қара күш иесінен кек алғанын жақтарымызды білмей, тосыннан төнген қатерден қорғануы деп ақтай да алмай, әйтеуір, бір өкініш оқырманын да шарпып өтеді. Басты үкімді оқырманына қалдырады.

– Мектепте жүргеннен батыс жазушыларының детективті кітаптарын қызығып оқыдым. Солардың желісімен түсірілген киноларды да ұнатып көрдім. Әсіресе Агата Кристидің шығармалары қатты ұнайтын. Қызық әрі қорқынышты. Жас күнімнен нәзік жанды әйелдер арасында әділдіктен гөрі әділетсіздіктің басым болатынын көрдім. Бірақ әйелдер өздеріне жасалатын қорлық пен зұлымдықтың бұғауында жүріп, күндердің күнінде қылмысқа барады деп ойламайтын едім. Бір күні ауылда әжелердің, апалардың бір-біріне сыбырлап, ауылдағы екінші әйелдің қылмысы туралы айтып отырғанын естідім. Олар әңгіме еткен әйелді мен де біліп, көріп жүрмін. Кейіннен қолыма қалам ұстағанда әйелдер арасында жымы білінбейтін қылмыстар туралы бір жазармын деген ой үнемі санамда жүрді. Бірақ соған берік бекіп, піскен кезім осы еді. Бүкіл өмірім осы журналистика саласында, қаламгерлік пен шығармашылықта өтті. Өз мамандығымды, жалпы шығармашылықты жанымымен сүйгендіктен шығар, мен мұның ыстық-суығына, қиындығына төздім. Өйткені шығармашылық – менің кеуде тынысым, кеңістік ауам, бүлкілдеп соққан тамырымдағы қаным. Осы салада қызмет етіп, шығармашылықпен өмір сүргеніме алдымен Жаратушы Иеме, содан соң өзіме мың ризамын! – деген Өріс Яшүкірқызы өмір жолының осылайша өрілуін әкеге деген сүйіспеншілікпен байланыстырады. Әкесі Яшүкір ауылда молдалығымен, тапқырлығымен, ақындығымен аты шыққан адам еді. Екі сөзінің бірінде «осы қызым бәрінен озады» деп мені қанаттандырып қояды екен. Бірақ 60-жылдары қаршадай қызға журналистиканың есігін кеңінен ашып, жолына гүл төсеп беретіндер аз болды. «Журналист болу оңай емес, әсіресе қыздарға» деп басталатын уәжді көп естіді. Алғашқы сынағы да қызық еді. Аудандық газетке қызметке келген қызға редактордың орынбасары не тақырып берерін білмегендей. Қолында ұстап отырған инені жерге лақтырып жіберіп, «Бір сағат уақыт ішінде осы тақырып аясында шартты мақала жаз, мақалаң ойдан шықса, бірден әдеби қызметкер боп алынасың» деп шарт қойыпты. Өріс апай мақала жазбастан бұрын, оған тақырып тауып алайын деп, шамалы ойланып: «Икс, Игрек және ине» деп ат қойып, табан астында шағын эссені ұстатады. Оқиғаны қаз-қалпында қағазға түсіріп, былай деп түйіндейді:

«Шындығында, Икстің қолынан ине түсіп кетті. Төмен қарай шұқшия беруге алдындағы қыздан ұялды. «Үзілген түйме көзге түссе ұят-ау. Редактордың орынбасары деген атым бар. Осы ма орынбасардың түрі деп отырса не болды? Бір жақсысы, мына қыз маған қарап отырған жоқ. Жаңағы тақырыпқа бір нәрсе жазып отыр» деп Икс ойлағанша болған жоқ. Қыз орнынан тұрып, көз алдында жазған мақаланы ұсынды. Инеш деп қол қойыпты».

Сөз тапқанға қолқа жоқ. Сол кездесудің басы сәтімен басталып, 45 жыл еңбек өтілінің 33 жылы бұқаралық ақпарат саласында, 12 жылы мемлекеттік қызмет саласында өтті.

ӘН-ТАҒДЫР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның он шақты жылдан бергі көрерменіміз. Әсіресе өнер ордасының «Халық әні» бөлімінің концерттерінен қалмауға тырысамыз. Ұлттық ән өнерінің жауынгерларын ұсынатын бұл бөлім 20 жылдай бұрын дәстүрлі әнші, мәдениет саласының үздігі Секен Сыздықтың бастамасымен құрылды. Секен Жолдыбайұлының өзі осы бөлімді ұзақ жыл басқарып, 3-4 жыл ілгері ғана тізгінін әріптесі Тельман Нұркеновке тапсырды. Бірақ басшылықтан кеткенмен, әншіліктен кеткен жоқ, астаналық филармония құрамында дәстүрлі әннің насихатына әлі күнге дейін үлесін қосып келе жатыр.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Малшы етігінің қонышында «Жұлдыз» журналы жүретін, таңертеңнен қара кешке дейін төрт түліктің соңынан жүр демесең, малшы атаулы әдебиет, өнер дегенде ішер асын жерге қоятын заман болған. Шыңғыстау баурайында мал жаятын Жолдыбай да солардың сойынан еді. Жайлауға шыққанда қол радионы жанынан тастамай, халық музыкасынан концерт беріліп, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Дәнеш Рақышев, Мәдениет Ешекеев, Жамал Омарова, Рабиға Есімжанова ән салғанда тамсанып, «Па, шіркін!» деп отыратын. Жолдыбайдың өзінің де той-томалақтарда, дастарқан басында «әу» деп жіберетін өнері бар еді. Әкенің жанында отырып, кішкентайынан радиодан қазақ әні алыптарының үнін тыңдап өскен Секеннің де әнге құмарлығы оянды.

Сол жылдары үйіне Ахат Шәкәрімұлы жиі келіп, әкесі Шәкәрімнің әндерін салып, өнер туралы әңгіме шертетін. Жидебайдағы Абай музейін басқарған Ниязбек Алдажаров сынды басқа да өңірге сыйлы ақсақалдар Жолдыбайдың шаңырағына бас сұғатын. Үлкендердің әңгімесіне құмар бала Секен жандарында тыңдап отыратын. Ән тағдыры екен, өмірдің өзі оны өнер жолына бағыттап жіберді.

Орта мектепті аяқтағаннан кейін әскерге шақыру қағазы келді. Әскери комиссариатқа барса, таныс аудандық милиция бастығы жүр екен. Сол кісі бозбала Секенге: «Осы сенің ән салатын өнерің бар емес пе?! Сені жарты жылға әскерден алып қалайын. Бірақ бір шартым бар: милиция қызметкерлері арасында ауданаралық ән байқауы өткелі жатыр, соған қатысасың» деді. Бұл байқауда Абай ауданының милиция бөлімі бірінші орын алып, абыроймен оралды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы жеңімпаздарды қабылдап, Секенге сол уақытта атағы дүркіреген «Қаламқас» ән-би ансамбліне жолдама берді. Жарты жылдай осы ансамбль құрамында өнерін шыңдады. Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін өнерпаз қыз-жігіттердің арасында іріктеу жүргізілді. Онда топ жарғандарға аудан басшылары: «Сендер енді босқа жүрмеңдер. Алматыда Жәнібек Кәрменов деген ағаларың бар. Соған барып, Семейдің Абай ауданынан келдік деп айтыңдар» деп бағыт сілтеді.

«Алматыдағы Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне жеттік. Бір кезде күткен адамымыз келді. Үстіне аппақ костюм-шалбар киіп алған. Бойы аласа болғанмен, ойы биік адам ғой. Айнаға қарап, шашын тарап тұрғанда жанына «Ассалаумағалейкум» деп жетіп бардық. Асықпай, саспай «Сендер кімсіңдер?» деп сұрады. «Біз Абайдан келдік» деп жауап бердік. «Мында не қылып жүрсіңдер?» деп тағы сұрады. «Ән айтайық» деген сөзімізге «Абайда сендер сияқты әнші балалар бар ма еді?» дегенінде «Мына кісінің қабылдауы қалай?» деп секем алып қалдық. Шамалы уақыттан кейін «Жарайды, қазір көреміз өнерлеріңді. Өнерге ағайынгершілік жүрмейді» деді. Тыңдау басталды. Ол аяқталғаннан кейін өнерімізге көңілі толмай, «нашар екенсіңдер» деді. Бірақ тағы бір жерге тыңдауға жіберді. Соған барып, Абайдың «Сегіз аяқ» әнін айтып бердім. Тыңдаған адамдар «тамыз айында тағы кел» деді. Ауылға оралып, Жүсіпбек Елебековтің тағы бір шәкірті Амангелді Жікеновтен дәріс алып, ән үйрендім. Айтылған уақытта Алматыға қайта оралып, Жәнібек Кәрменовтің сыныбына қабылдандым» деп еске алады қазір сол кезді Секен Сыздық.

> Секен Сыздық 1988 жылы «Жігер» республикалық жастар фестиваліне қатысып, лауреат атанды. Әміре Қашаубаев атындағы әншілер байқауына қатысқанда қызық жағдай орын алды. Әнші Біржан салдың «Жонып алды» әні мен халық әні «Қарғаш-айды» дайындаған еді. Бірінші кезеңнен сәтті өтті. Екінші кезеңде ұстазы Жәнібек Кәрменов Ақан серінің «Құлагерін» айтуды тапсырды. Сөйтсе, қазылар алқасындағы көрнекті жазушы Сәкен Жүнісовті риза қылу үшін ойлап тапқаны екен

Ән жампозы Жәнібектің сыныбына сол уақытта 4 жігіт, 4 қыз қабылданды. Олардың арасында Секен Сыздықпен қатар қазіргі белгілі әнші, ұстаз, Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі ән» кафедрасының меңгерушісі Ербол Сарин, Бейсен Белеков, Еділ Құмарбаев, Мейіргүл Нұрмағамбетова, өмірден ерте өткен талантты әнші Бұлбұл Көбелекова болды.

«Жәнібек ағамыздың сабақ беру әдісі ерекше еді. Ол ән тарихын айтып келіп, сөзі нені бағдарлап тұр, әнді қалай түсіну керек, қалай жеткізу керек, сөзін жаттатып, санаңа сіңдіріп барып айтқызатын» дейді әнші.

Оқуды бітіргеннен кейін Мәдениет министрлігінің жолдамасымен Алматыда қалып, мемлекеттік ән-би ансамбліне (қазіргі «Салтанат» ән-би ансамблі) қабылданды. Үш жыл өткеннен кейін ұжымда қысқарту жүріп, босап қалған өнерпаздарды әр өнер ошағына бөлді. Секен Сыздықты Өзбекәлі Жәнібековпен бірге Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясын құрған Ғабиден Тұяқаев осы ұжымға қарайтын «Адырна» фольклорлық ансамбліне аттай қалап алды. «Адырнада» 2000 жылдардың басына дейін жұмыс істеді.

Бір күні өмірде аға-інідей араласқан академик Рымғали Нұрғалиұлы «Секен, Алматыда не бар, жас Астанаға келсеңші» деді. Аға кеңесін құп алған әнші елордаға келіп, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің сол кездегі ректоры Мырзатай Жолдасбековке кірді. Көрнекті күйші-композитор Секен Тұрысбектің «Ақжауын» камералық оркестрі сол уақытта осы жоғары оқу орны жанында болды. Осы өнер ұжымына қабылданды. Міне, дәл сол кезде елорда мәдениетіне бір уық болып қадалды.

Арасында астаналық филармонияның концерттеріне барып тұратын. Өнерпаздардың өнерін тамашалап отырып, қазақ әнінің насихатын күшейтуге қатысты бір ой келетін. Соны бір күні өнер ошағының сол кездегі директоры Сәкен Әбдірахмановқа кіріп айтты. «Өскелең ұрпаққа сал-серілердің мұрасын, халық әндерін, Қазақстан композиторлары әндерінің желісін үзбей, бояуын кетірмей насихаттау үшін филармонияда «Халық әні» бөлімі болуы керек» деді Секен әнші. Мұны құп алған басшы оны жұмысқа шақырды. Сөйтіп астаналық филармонияға қабылданып, директордың қолдауымен аталмыш бөлімді құруға кірісті. Әр өңірдің әншілік мектептерін қамту үшін жан-жақтан әншілерді жинады. Концерттердің бағдарламасын әзірлеп, бірыңғай ән болып кетпей, сән-салтанатпен өту үшін арасында филармонияның «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі, би ұжымдары сахнаға шығатындай етіп дайындады. Бұл 2005 жыл болатын. Міне, сол уақыттан бері «Халық әні» бөлімі филармония құрамында жемісті жұмыс істеп келе жатыр. Алғашқы жылдары Кәкімбек Салықов, Еркеғали Рахмадиев, Рымғали Нұрғалиұлы, Ақселеу Сейдімбек сынды қазақ өнері мен әдебиеті, ғылымының қайраткерлері бөлім концерттерінің тұрақты көрермендері болып, ризашылығын айтатын, өзара талдау жүргізіп, артық-кем тұсы болса, соны жасырмайтын. Бұл дәуірді, сол тұлғаларды Секен Жолдыбайұлы қазір сағынышпен еске алады.

Секен Сыздық 1988 жылы «Жігер» республикалық жастар фестиваліне қатысып, лауреат атанды. Әміре Қашаубаев атындағы әншілер байқауына қатысқанда қызық жағдай орын алды. Әнші Біржан салдың «Жонып алды» әні мен халық әні «Қарғаш-айды» дайындаған еді. Бірінші кезеңнен сәтті өтті. Екінші кезеңде ұстазы Жәнібек Кәрменов Ақан серінің «Құлагерін» айтуды тапсырды. Сөйтсе, қазылар алқасындағы көрнекті жазушы Сәкен Жүнісовті риза қылу үшін ойлап тапқаны екен. Алайда шәкірті «Құлагерге» арнайы дайындалмаған соң ойдағыдай шықпады. Бірақ бар ойы ұстаздың тапсырмасын орындау болған әнші бұған өкінбейді. Жәнібек Кәрменовтің ғұмыры жастай үзілгені белгілі. Осыдан 15 жыл бұрын шәкірті оның 60 жылдығына орай Астанада еске алу кешін өткізді.

Өнердің арқасында Түркия, Франция, Германия, Польша, Болгария, Қытай, Ресей сынды елдерге концертпен барып, қазақ әнін паш етті. Қазір филармонияда ән салумен қатар, жас әншілерге тәлімін беріп келеді. Ұлы Мәди де өнер жолын таңдап, осы күндері біршама танылып қалды. Осылайша ән керуені жалғасып жатыр.

Әр жылдың ақпаны жауынгер-интернационалистер үшін қасиетті ай саналады. Себебі Кеңес әскерінің ауған жерінен кеткеніне 35 жыл уақыт өтсе де, бұл соғыс майдангерлердің мәңгілік жан жарасына айналды. Бүгінде жат жерде жүріп от кешкендердің алды 60 жастан асқан азаматтар болса, солардың қатарында елордалық зейнеткер, білікті ұстаз және II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері Толқындат Төлешев бар.

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ӘСКЕРГЕ АРНАҒАН

Индира БЕРЖАНОВА

Біздің кейіпкеріміз – Атырау облысының тумасы. Ол 1983 жылы И.Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскери командалық училищесіне түсіп, 4 жылдан кейін оны тәмамдап, 1988 жылдың мамырында Ауғанстанға аттанады. Әуелі Кабулға келіп, кейін Баграм қаласына жіберіледі. Лейтенант Т.Төлешев Түркістан әскери округіне қарасты 40-армия 108-мотоатқыштар дивизиясының құрамында болған мотоатқыштар полкінің взводын басқарды. Одан соң Рухада 682-атқыштар полкінің взвод командирі қызметінде интернационалдық борышын атқарады.

«Алғаш ауған жеріне кірген кезімізде жағдай ауыр әрі қиын еді. Жат жерде, таулы-тасты, ойлы-қырлы, соқпақты ауған жерінде дұшмандар бекінісінің көзін жою үшін әскери операцияларға жиі шығып отырдық. Ол жердің тұрмысы басқа. Халқы жұмыскер, күндіз қолында – кетмень, түнде – қаружарақ. Жеті жасар баладан еңкейген қарияға дейінгі халқы қолына қару алып, өз елді мекенін күзетеді. Дені намазға жығылған. Бірде қоршауда тұрғанымызда, бізден «араларында мұсылман бар ма?» деп сұрағаны есімде. Сол кезде өзбек, татар, орысымыз болсын, мұсылманбыз деп шыға келетінбіз. Әрине, жан керек.

Атқарған жұмысымның бірі – жергілікті халық арасында насихат жұмысын жүргізу, яғни оларға бейбіт мақсатпен келгенімізді жеткізіп отырдым. Жасым 22-де. Атыс-шабыстың ортасында жүргенде әу баста үрей мен қорқыныш сезімі болды. Ауыр жағдайларды жүрекпен өткізіп, көзбен көрдік. Ондай күндер келмеске кетсін. Өзге жерде жүргенде өз еліңнің қадірі қатты білінеді» дейді ардагер өткен жылдарды еске алып.

Ауған соғысына қатысқан азамат жат елдің жерін 1989 жылдың 13 ақпанында Кеңес әскерлерінің құрамында тастап шығады. Бұдан кейін Орта Азия әскери округінің құрамына алынған офицер 1992 жылы өзінің туған еліне оралып, қызметін сол кездегі Республикалық ұлан сапында жалғастыруға кіріседі. Осы жерде ол рота командирінен әскери бөлім басшысына дейінгі қызмет баспалдағынан өтеді. 2003 жылы органдарда қызмет атқаруға кіріскен сардар 2006 жылдың наурызынан Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Бас штабы басшысының орынбасары қызметіне тағайындалады. Әскерде 39 жыл жұмыс атқарып, сәнлақ сардар өзінің саналы ғұмырын әскери салаға арнады. Зейнеткер-ардагер – қазіргі таңда Қорғаныс университетінде «аумақтық қорғау» пәнінің мұғалімі, шәкірттеріне аумақтық қорғаныстың мақсаты мен міндеті туралы жіті түсіндіріп, тәлім беруде. Толқындат Нәсіпқалиұлы әскери отбасында тәрбиеленсе, енді сардардың ізінен ерген бес ұлының екеуі әскери салада қызмет етіп, ұрпақ сабақтастығы жалғасып отыр.

Елге оралысымен соғыс алаңында болған әскери қызметшілер бейбіт өмірге үйрене алмай, «Ауған синдромына» шалдығып, психологиялық ауытқушылықтарға кезігіп, оған тұрмыстағы проблемалар қосылып жататыны тағы бар. Толқындат Төлешевті де мұндай жағдай айналып өтпеген көрінеді. Елде жүргенде өткенді еске алып, түсінен соғыстың жаңғырығы ұзаққа кетпегенін айтып қалды. Кейін, 2019 жылы Ауғанстанға жұмыс сапарымен қайта барған. Сөзінше, мәйіттер бұзылмаған, сол қалпы тұр. Дәл осы сапары соғыстың денесінде қалған жарықшағын жазды, түсіне де кірмейтін болды.

Өмірінің өлшеулі бір бөлігін оқ пен от арасында өткізген жауынгерлердің ерлігін ұлықтау, насихаттап, құрмет көрсету – бүгінгінің парызы. Өмір сүре білудің қадірін бейбіт күнде соғыс отын көріп келген осы жандар жақсы біледі. Сондықтан олар жалпы тірліктің мәнін жоғары қояды. Олардың әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті – кейінгі ұрпаққа үлгі.

№20 (4608) 17/02/2024 Сенбі

ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Maqsut Narikbayev University-де MIND қолданбалы ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Ғылыми ой-тәжірибені «Think & do tank» форматында біріктіретін алаң ерекшелігі – тек ұсыныс беру ғана емес, әрекет етуге бірегей мүмкіндік жасау.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

MIND-тың ұстанымы – Орталық Азия мен жалпы әлемде тұрақты даму мақсатына жетуге ұмтылу және қолданбалы зерттеулер үшін сарапшыларды біріктіру. Сондай-ақ талдау орталығының құндылықтары жүргізіліп жатқан зерттеулердің тәуелсіздігінен, академиялық адалдықтан, ынтымақтастық пен серіктестіктен, қоғаммен байланыстан және нәтижеге қол жеткізуден тұрады. Мақсаты – тәуелсіз қолданбалы зерттеу жүргізу, стратегиялық шешім қабылдау сапасын дамыту, кеңес беру, әріптестік орнату және MIND институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

MIND орталығы – MNU мен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірлескен жобалық кеңесі, бұл халық пен бизнестің кең топтарының биліктің заң шығарушы тармағымен байланысын қамтамасыз етеді және өзекті заңнамалық бастамаларды әзірлеуге ықпал етеді.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сөзінде күрделі геосаяси, экономикалық және өңірлік жағдайларда аналитика, сараптамамен жұмыс істеудің өзектілігін атап өтті. Сондай-ақ ол Ғылым және жоғары білім министрлігі MIND ғылыми-талдау орталығының жобалары мен бастамаларын қолдауға дайын екенін айтты.

Іс-шара аясында MIND-тің кейбір ғылыми зерттеулерінің нәтижелері таныстырылды және соңында ғылыми орталық бойынша экскурсия өткізілді, оның барысында бірқатар халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік компаниялармен келісім жасалды.

Maqsut Narikbayev University басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев өз сөзінде ғылыми орталықтың ашылуына келген барлық қатысушыға алғыс білдірді.

– Қазіргі уақытта университет оқытушылық бағыттан зерттеу бағытына көшуге арналған жаңа даму стратегиясын әзірледі, ал MIND қолданбалы ғылыми-зерттеу орталығы – осы стратегияның ажырамас бөлігі, – деді ол.

MIND талдау орталығының жетекшісі Альтаир Ахметов өзінің құттықтау сөзінде қоғамды, бизнесті және мемлекеттік органдарды талқылауға және бірлескен шешімдерді әзірлеуге тарту арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыратынын атап өтті.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КЕРЕК

Қазіргі әлемде дарынды және талантты балаларды анықтау, диагностикалау, болжау, қалыптастыру, оқыту және дамыту мәселелері өте өзекті. Олардың сыртқы әлеммен қарым-қатынасын дұрыс құру өз қабілетін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте «Дарынды балалар, олар қандай және олардың ерекшелігі неде?» деген сауал туындайтыны рас.

Дарынды болу – күрделі құбылыс. Әрбір дарынды бала өзінше ерекше. Әрбір осындай баланың көптеген қызықты қасиеті мен қабілеті бар. Бұл балалар – ерекше, дарынды балалар, сонымен қатар өздері сияқты дарындылардан да ерекшеленеді. Олар басқаларға ұқсамайды, оны айналасындағы адамдар оң қабылдауы керек. Сондықтан бұл баланы интеллектуалды, моральдық, әлеуметтік және жеке дамуында сүйемелдейтін тәлімгер қажет. Дарынды балалар бірден бірнеше жұмыспен айналыса береді. Олар қоршаған ортаны зерттейді және өз зерттеуінде шектелмейді. Кішкентай кезіне жан-жағында болып жатқан оқиғаларды талдап, байланыстыра алады, болжам жасай біледі, қорытынды жасайды.

Дарынды балаларға ата-ананың да қолдауы қажет. Көптеген ата-ана балаларының бойындағы дарынды байқамайды немесе оған қатысты қиындықтан аулақ болуға тырысады. Егер баланың қабілеті олардың мүддесіне сәйкес келмесе, оларды түсінбейді және қабылдамайды. Ерекше дарынға ие балаларды құрдастар арасында да қабылдамайтын фактілер жиі кездеседі, себебі оларды «бәрін білгіш» деп санайды. Өзгелерден ерекше болу, өзіне деген басқа көзқарастан қорқатын балалар бойындағы дарынын, ерекшелігін жасыра бастайды. Ол дұрыс емес. Дарынды баланың даму ерекшелігін басқалар әдеттен тыс деп қабылдайды.

Мектепте баламен тығыз қарым-қатынас жасайтын ересектердің кәсіби қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау деп атайды. Бала мектепке келіп, мектеп ортасына түсіп, өзінің белгілі бір міндетін шешеді, психикалық және жеке даму, әлеуметтену, білім беру және тағы басқа жеке мақсатын жүзеге асырады. Оның жанында ересектердің атқарып жатқан сүйемелдеу жұмысы – баланың сәтті оқуы, әлеуметтік және психологиялық дамуы үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға бағытталған.

Мысалы, мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болғандықтан, сабағымды тиімді өткізу мақсатында шығармашылық жұмыс жүргіземін. Бұл арқылы да оқушылардың қабілетін, дарынын, білім деңгейін бақылай аламын. Осы жұмыстардың бірнеше түрін атап айтсам:

- Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер негізінде шығарма, қорытынды жазу;
- Сурет бойынша өлең немесе шығарма жазу;
- Әңгіме, ертегі сюжетін бастап, оқушыларға өздігінен аяқтату;
- Берілген тірек сөздерді қолданып, әңгіме құрастыру;
- Берілген шығармадағы кейіпкердің портретін жазу немесе салу;
- Ұйқас арқылы өлең шығару;
- Тақырып бойынша түрлі ребус, сканворд құрастыру;
- Өлең жазу, тағы басқалары.

Материалды таңдағанда, баланың қабілетін дамыту деңгейін ескере отырып, ұсынылған тапсырмалар тым жеңіл де, өте қиын да болмауын қарастырған жөн. Оқушыға оның өзі қол жеткізетін нәтижесі маңызды, яғни алдын ала оқыту принципі күшіне ену үшін тапсырмалар баланың тәжірибесіне негізделуі керек, бірақ мазмұны мен күрделілігі жағынан баланың даму деңгейінен жоғары болуы мүмкін.

Жастардың шығармашылық дарынын дамытудың негізгі нысандары мен әдістері:

✓ интерактивті, жобалық және шығармашылық қызмет;
✓ шығармашылық тренингтер мен пікірталастар;
✓ шығармашылық дарындылықты дамыту шеберлік сыныптары;
✓ кейс-әдіс бойынша зияткерлік оқыту семинарлары;
✓ оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары;
✓ конкурстар, фестивальдар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар;
✓ студенттік ғылыми қоғам.

Ендеше «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып, құртып тынады» деген ұлы ойшыл Плутарх сөзінен тағылым алайық. Осындай жағдайды болдырмау, қабілеті ерекше балаларды қолдау – басқа емес, білікті ұстаздардың қолында. Баланың бойындағы табиғат берген айрықша қасиетін тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар беру қажеттілігі әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Баланы заманына қарай икемдеп, шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту осы күннің басты талабы екенін естен шығармауымыз керек.

Әсем БЕРМАҒАНБЕТОВА,
№79 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН

Елорда мектептерінде бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркем білім берудің әсері мол. Көркем еңбек мұғалімі балаларды оқытуды еңбекке баулу, тәрбиелеу бағдарламалары мен әдістемелеріне сәйкес жүргізеді. Білім алушылардың еңбек қабілеті мен дағдысын, оларды практикада пайдалана алу дайындығын қалыптастырады.

Ерлан Ахметқалиев – Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейдің көркем еңбек пәні мұғалімі, кескіндеме (живопись) салумен айналысады. Бұл мектепте 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Жаратылысынан тұйық мінезді, сабырлы, сыпайы, байыпты Ерлан Әлімханұлы әр жұмысын асқан махаббатпен жасайды.

– Ес білгелі сурет саламын, бірақ нақты осы жаста деп айта алмаймын. Бір білетінім, айналамда әдемі, жарық түстер көрсем, табиғаттың өз әдемілігі маған шабыт беретінін ғана түсінемін. Семей қаласындағы педагогика институтының көркемсурет факультетін тәмамдаған соң, еңбек жолымды туған жердің көркеюі үшін еңбек етуден бастадым. №37 мектеп-лицейде 10 жылдан астам көркем еңбек пәнінен сабақ беріп келемін. Маған оқушымен жұмыс істеуде нақтылық, ұқыптылық пен тазалық, табандылық ұнайды. Егер баладан талпыныс, осы өнерге деген құштарлықты көре алмасам, баланы әрі қарай қинамаймын. Себебі әр адамның өз жолы болуы керек, – дейді Ерлан Әлімханұлы.

Көркем еңбек пәні мұғалімінің қаламынан туған таңғажайып көрініс, сұлу табиғат керемет, жағымды әсер қалдырады. Маманның бойындағы мейірімділік, шыдамдылық, сыпайылық, сезімталдық, әдептілік сияқты мінез-құлық қасиеттері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, жетелей түседі. Материалды тиімді әрі қызықты жеткізе білген оның бойында ынталандыру мен шығармашылық қабілет бар. Себебі кіршіксіз өнерге, еңбекке деген махаббаты әр жұмысынан көрінеді. Ерлан Әлімханұлы жүлде алайын, бірінші болайын деп емес, тек жаны қанағаттанатын дүниелер жасайды. Әрине, шынайы көңілмен, таза еңбекпен жасалған дүние міндетті түрде жеңістің жемісін жегізеді.

Кәсіби еңбек жолында Ерлан Әлімханұлы түрлі қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі жарыстардан жүлдесіз оралған емес. Өзінің және шәкірттерінің де жетістігі аз емес. Педагог әрбір шәкірттің өз пәніне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, тұлға болып қалыптасуына оң әсер етуде.

– Ерлан ағайдың бізге көркем еңбек пәнінен сабақ беріп жүргеніне 3 жылдай болды. Осы уақытта байқағаным, ағай өте еңбекқор, ол кісі жасап жатқан заттың табиғатын қоса түсіндіреді, сосын сапасына ерекше мән береді. Қай затты қандай материалдан дайындағанда ұзағырақ сақталады деген тұрғыдан қарайды. Мен ол кісіні бойымдағы еңбексүйгіштікке үлес қосқан бірден-бір жан ретінде құрметтеймін. Ерлан ағай әрбір сабағында бізді шеберлікке үйретеді. Кез келген бұйымды иіріп алып кете беретініне таңғаламын. Жарамсыз заттарға «екінші өмір» сыйлай отырып, оны қалай түрлендіріп, пайдаға асырудың жолын көрсете біледі. Тұрмыста қажет құрал-жабдықтарды қалпына келтірудегі шеберлігін көріп, сол кісіге ұқсағым келеді, – дейді 10-сынып оқушысы Аян Сапарханұлы.

Ерлан Әлімханұлының мектеп қабырғасын безендіру жұмыстары мен мектеп дәлізіндегі орындықтарды қайта қалпына келтіруде өз қолтаңбасы бар. Он саусағынан өнер тамған ұстаздың, сурет салудың хас шебері Ерлан Ахметқалиевтің еңбегі шәкірттеріне берген білімімен жалғаса бермек.

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Жас ұрпақты салауатты өмірге тәрбиелеуге, пайдалы дағдыларды серік етуді ынталандыруға денсаулық сақтау саласында ерекше мән беріледі. Осы мақсатта жастардың денсаулығы мен психологиялық жағдайын жақсартып, оларға қамқорлық көрсететін Жастар денсаулығы орталықтары 2008 жылдан көптеген емдеу мекемелерінде ашыла бастады. Бүгінгі таңда Астана қаласында сондай 24 орталық жұмыс істейді.

Райхан РАХМЕТОВА

Жастар орталықтарының басты міндеттері – 10 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалар мен жастар, олардың ата-аналары мен педагогтар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, репродуктивті және психикалық денсаулықты қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар мұндай орталықтар мамандары жастарға аталған бағыттарда консультациялық, емдеу-диагностикалық, психологиялық көмек берумен, психоәлеуметтік және заңгерлік қызметтер көрсетумен айналысады. Физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық құрбандарына медициналық көмек беріп, құқықтық ағарту, денсаулық сақтау саласындағы құқық мәселелері бойынша кеңес береді және әлеуметтік-құқықтық қорғау қызметтерін көрсетеді.

– 2023 жылы жастар денсаулық орталықтарының саны 1,5 есе артты, бұл өз кезегінде жастар мен жасөспірімдерге арналған орталық қызметтеріне қолжетімділіктің өсуіне әкелді. Орталық мамандарының қызметтеріне жүгінген жасөспірімдер мен жастардың жалпы саны 2022 жылмен салыстырғанда 2,2 есе көбейді. Егер алдыңғы жылы Астана қаласының Жастар денсаулық орталықтары көмегіне 52444 адам жүгінген болса, былтыр олардың саны 116219 адамға жеткен, – дейді Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының Жастар денсаулық орталықтары бойынша бас штаттан тыс үйлестірушісі Ақмарал Бегаева.

Мұндай орталықтарда дәрігер педиатр, дәрігер терапевт, дәрігер акушер-гинеколог, дәрігер уролог, психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгер, медбике сынды мамандар қызмет көрсетеді. Солардың бірі қаладағы №3 емханада 2008 жылдан бастап жұмыс істейді. «Жас толқын» деп аталатын бұл орталық 14 жастан жоғары оқушылар мен студенттерді қабылдайды.

– Біз елордадағы мектеп оқушылары және колледж студенттерімен тығыз байланыста жұмыс жүргіземіз. Оқу орындарына барып дәрістер, семинар тренингтер өткіземіз. Әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салты дәрігерлері ішімдік, темекіге байланысты, жарақат алуға қатысты дәрістер оқиды. Сонымен қатар қыз балаларға гинеколог, ер балаларға дерматовенеролог мамандары инфекция, жыныстық жетілу бойынша сабақтар өткізеді, – дейді аталған орталықтың психологы Айым Рахимжанова.

Оның айтуынша, психологтардың негізгі үш міндеті бар, біріншіден, олар психопрофилактикамен айналысады, яғни буллинг, күйзеліске түсу, бір жерден екінші жерге көшу, мектеп ауыстыру кезіндегі бейімделу процестеріне байланысты тренингтер, дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізеді. Былтыр орталық сондай 45 іс-шара өткізіп, оған 1065 жас қатысқан.

– Тек жастардың өздерімен ғана емес, олардың ұстаздарымен де жұмыс жүргізіледі. Буллингті байқаған жағдайда қандай іс-әрекет жасау керек деген сияқты сұрақтар бойынша кеңес береміз. Ата-аналардың жиналысына қатысамыз. Оларды жеке консультацияға шақырып, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз, – дейді маман.

Бұл дәрігерлердің екінші міндеті – психологиялық диагностика қою. Жастардың жағдайын анонимді сауалнама жүргізу, сөйлесу арқылы анықтайды, соның барысында мамандар әртүрлі психологиялық күйді зерттейтін материалдар қолданады. Анықтағаннан кейін студенттің жағдайын жақсартуға бағытталған белгілі бір бағдарламалар бойынша психологиясын түзету үшін консультациялық кездесулер өткізеді. Былтыр орталық мамандары сондай 17 студентке көмек көрсеткен. Сенім телефоны арқылы былтыр 270-тен астам қоңырау шалған жастармен жұмыс жүргізілген. Буллинг бойынша жұмыс барысында орталық қызметкерлері ювениалды полициямен тығыз байланыста болады. Психологтың айтуынша, тренингтер өткізу барысында жастардың бойындағы психологиялық проблемалары бірден анық көрініп, сыртқа шығады. Сол кезде қиын жағдайда жүрген баланы байқаған соң оларды бөлек консультацияға шақырып, коррекциялық жұмыстарға кіріседі. Бұл – олардың үшінші міндеті. Әрбір буллинг себебі отбасыдан шығуы мүмкін, сондықтан бұл проблемада ата-аналармен тығыз жұмыс жүргізіледі. Балаларға психологиялық көмек беруде осындай жан-жақтан барлық тараптарды қоса отырып, кешенді көмек көрсетпесе, жақсы нәтижеге қол жеткізу қиындау.

Аталған орталықтың гинеколог дәрігері Динара Түсіпбекованың айтуынша, жастарды көбіне психологиялық, ата-анамен, достарымен коммуникация мәселесі толғандырады. Жыныстық жетілу кезінде де жасөспірімдер бойындағы өзгерістерге байланысты қиындықтарға тап болуы мүмкін.

– Мұндай орталықтарға 10-18 жас аралығындағы жасөспірімдер және 18-29 жас аралығындағы жастар да өз қалауымен келіп қарала алады. Көбіне олармен күйзеліске төзімділік, коммуникация мәселелері бойынша консультация беру жұмыстары жүргізіледі. Бастысы, бәрі сенімге негізделген, яғни жастардың бізге деген сенімі артқан сайын олардың орталыққа емін-еркін келіп, жағдайын айтуы оңай бола бастады, – дейді ол.

Осындай орталықтардың тағы бірі қаладағы №10 емханада да бар. «Ozindi tap» деп аталатын орталықтың менеджері Диас Махметовтің айтуынша, олардың жұмысы өте ауқымды және жан-жақты болып келеді.

– Біздің орталықта жастар денсаулығына, психологиялық көңіл-күйіне, жыныстық жетілуіне, есірткі мен ішімдік профилактикасына, дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтына қатысты барлық сұрақтарына жауап таба алады. Мұндай орталықтардың қазіргі денсаулық сақтау саласындағы орны, маңызы өте зор деп есептеймін, себебі жастар басқа жерде айта алмаған мәселесін осында айта алады, басқа жақтан ала алмаған көмекке осы жерде қол жеткізеді. Орталықта гинеколог, уролог, психолог, заңгер сияқты жоғары білікті мамандар жұмыс істейді, – дейді ол.

Жалпы мамандардың айтуынша, бұл орталықтар емханаға, соның ішінде терапевт, педиатрлар жұмысына түсетін жүктемені азайту мақсатында құрылған. Бүгінгі таңда олардың қызметі еліміздің жастары үшін, олардың өмірінде кездесетін қиын жағдайлардың алдын алып, салауатты ұрпақ сапасын арттыру үшін өте маңызды болып отыр. Мұндай орталықтарды ашу Эстония тәжірибесінен алынған.

ЕСТЕ ЖҮРСІН!

Кенеттен кесел жабысып, емханаға барудан басқа амалыңыз қалмағанда учаскелік терапевтің қабылдауына дейін өзіңізді дайындаңыз.

Дәрігер дұрыс ем-шара қолдануы үшін сізбен сөйлесіп, аурудың нышандарын сұрайды. Айналдырған аз уақыттың ішінде дәрігер сізді тыңдап, диагнозын қойып, ем-шарасын тағайындап үлгермеуі мүмкін. Өзіңіздің денсаулығыңыз өз жауапкершілігіңізде болғандықтан, дәрігер қарауындағы бөлінген уақытты ұтымды пайдалануға тырысыңыз. Сол себепті дәрігердің алдына бармас бұрын айтатын нәрселерді қағазға түртіп алыңыз. Мысалы, ауру қашан қалай басталды, нендей дәрі ішіп, әсері қандай болды... Мұның бәрі маңызды. Дәрігерге қояр сұрағыңыз бар ма, не айтқыңыз келеді? Оны да пысықтап алыңыз. Қапелімде ұмытып қалуыңыз да мүмкін.

Қысылмаңыз, ішімдегіні тап деп тырысып отырғаннан гөрі, дәрігер арасындағы сенім, түсіністік орнатып жағдайды жеңілдетеді. Жаңа көрген адамның тілін табу дәрігерге де күрделі.

Ауру сипатына қарай жүрегіңізді тыңдап, қан қысымын тексеретіндей жағдайда, не болмаса маммолог сияқты арнайы дәрігерге көрінетін болсаңыз, қолайлы киініңіз. Киініп, шешініп уақытты текке өткізуге де болмайды.

Бас ауырып, балтыр сыздап тұрғанда адамдар кінәмшіл болады. Ондайда дәрігердің де біліктілігіне күмәнданасыз. Расында да өзіңіз шаршап тұрғанда эмоцияға беріліп, дау тудырудың қажеті аз. Күшіңізді сақтап, дәрігермен ашық сөйлесіп, жағдайды түсіндіріңіз. Егер сізге сапалы қызмет көрсетпесе басқа дәрігерге баруға болады. Көбімізде отандық медицинаға деген теріс көзқарасымыз қалыптасқан. Алайда осындай оймен емхана жағалаудың пайдасы аз. Баратын басқа жеріміз болмаса, амал жоқ, ортақ нәтижеге жетуге тырысу керек. Емнің шипасы болуы үшін дәрігермен мүмкіндігінше ашық сөйлесу керек. Бұрындары ауырған ауруларыңыз, алған жарақаттарыңыз тағы басқа да өзіңізге қатысты мәліметтер ауруды дәл басып анықтауға жол ашады. Жақсы маман айтуға ұялатын жаман әдеттеріңізді немесе аурулар үшін сіздің бағаламайды. Есіңізде болсын, кейбір факторларды жасыру тағайындалған емдеудің әсерін жоққа шығаруы мүмкін.

Егер дәрігер кеңесінен кейін сіз әлі де диагнозға күмәндансаңыз, басқасына көрінген дұрыс. Өзіңіздің денсаулығыңыз өзіңізге қажет себепті, оны дәрігерге итеріп, немесе денсаулық сақтау жүйесіне ысырып тастап кеселден құтылмайтыныңызды ескеріңіз.



ҚАНТ ДИАБЕТІ БОЙЫНША СКРИНИНГТЕН ӨТУДІ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Қазақстанда скрининг тегін медициналық көмек кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кіреді. Скринингтік тексерулер толық көлемде ақысыз медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында тіркеуде тұрған медициналық ұйымдарда өтеді.

Қант диабеті – ағзадағы зат алмасу қызметінің бұзылуынан пайда болатын қауіпті әрі созылмалы дерт.

Қант диабетін ерте анықтау скринингінен уақытылы өту қажет екенін еске саламыз.

Тексеруден 2 жылда 1 рет өткен абзал.

Ол үшін терапевт, отбасылық дәрігер және учаскелік жалпы тәжірибелік дәрігердің тексеруінен өтуіңіз қажет.

ҚАНТ ДИАБЕТІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Қант диабеті – ағзада инсулин жетіспеушілігімен сипатталатын созылмалы ауру, оның салдарынан қанда глюкоза деңгейі жоғарылайды. Сонымен қатар, көмірсу, май, ақуыз, минералдық және су-тұз зат алмасулары бұзылады.

Қант диабеті дамуының қауіп факторлары:

• тұқым қуалаушылық. Қант диабетінің 1 және 2 типтерінің негізгі факторы;

• дұрыс тамақтанбау, семіру. 80% семірумен науқас адамдарда қант диабеті бар. Белсенді дене қозғалысы мен дұрыс тамақтану артық салмақтан арылуға көмектеседі. Нәтижесінде қандағы глюкоза деңгейі төмендейді;

• ұйқы безінің ауруы. Органның гормоналды қызмет етуі бұзылады, қант диабетін тудыруы мүмкін;

• нервтік стресс. Көптеген ауруларды, қант диабетін де нервтік стресс тудыруы мүмкін. Адам өзін қалыпты ұстап, бақылай білуі керек. Стресс артериялық қысымның да жоғарылауына әкеледі.

• вирустық инфекциялар. Қызамық, шешек, эпидемиялық гепатит және басқа аурулар диабет туындау қаупін арттырады.

Қант диабетімен ауыратындардың 80-90%-ы қант диабетінің 2 типімен ауырады. Бұл ауру типі жас ұлғайған сайын пайда бола бастайды. Дей тұрғанмен, соңғы онжылдықта бұл ауру жастар арасында да артып келеді. Ұйқы безі ағзаға жеткілікті гормонды шығармайды да, қандағы глюкоза жоғарылап кетеді.

ҚАНТ ДИАБЕТІНІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЛЕСІ ШАРАЛАРЫ:

• 45 жастағы және одан жоғарылар, тұқым қуалаушылыққа тән тұлғалар үнемі қандағы глюкозаны тексертулері керек.

• Дұрыс тамақтану. Салмақты диетотерапиямен түсіру (ИМТ=18,5-25) маңызды. Тамақтануда гликемиялық индексі төмен тағам өнімдерін пайдалану керек.

• Дене белсенділігі. Шапшаң қозғалыстағы жаяу жүру, серуендеу, дене шынықтыру жаттығулары, би билеу, жүзу. Мұның бәрін үнемі істеп, жүктемені барған сайын арттырып отыру керек.

Дайындаған **Айгүл УАЙС**

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДЕПУТАТТАРЫ

Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Озғанбайдың «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан» атты монографиясының таныстырылымы өтті. Іс-шараға Парламент депутаттары, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер қатысты.

Жиынды жүргізген Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп қазақ халқының тарихын зерделеудің маңызы мен зерттелмеген деректердің орнын толтыру қажеттігін атап өтті.

«Қазақ елінің тарихында әлі де зерттелмей қалған мәселе көп. Солардың ең өзекті таласқа толы тұсы Қазақ елінің Ресей империясы құрамында болған уақыты деп айтар едім. 1905-1917 жылдар – тарихта еліміз үшін де, Ресей үшін де шытырманға толы қым-қиғаш кезең. Еңбектен осы кезеңдегі Ресейдегі саяси институттардың қалыптасуы, олардағы қазақ элитасының орны жөнінде құнды мағлұматтар мен тың көзқарастарды алуға болады» деді сенатор.

«Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы жас ұрпақ үшін Ресей империясының құрамына кіру кезіндегі Қазақстан тарихын зерделеудің маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл Қазақстандағы қазіргі саяси және әлеуметтік процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тың ойлар мен талдау дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы уақытқа дейін қоғам дамуы, адам, тағдыр туралы елуге жуық кітап пен жүздеген мақала жазған профессор Өмірзақ Озғанбайдың 2021 жылы 5 томдық шығармалар жинағы оқырманға жол тартқан еді.

«Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан», «Тарих тағылымы», «Қазақтың көсемдігі мен шешендігі астасқанда», «Жарық жұлдыздар», «Тағзым» атты туындылардан түзілген жинақтарда халқымыздың тарихына, тұлғаларына, көсемдері мен шешендерінің ел көсегесін көгерту жолындағы жанкешті іс-әрекетіне шолу жасалады. Бес томдықта оқырманға кезінде Ресей Мемлекеттік Думасына қазақтан депутат болып сайланған қайраткерлер өмірінің бұрын-соңды аз зерттелген тұстары ұсынылады.

Тарихи танымның бетбұрысына өзек болған сүбелі дүниені зерттеуде ғалым халық жадынан алыстаған аяулы есімдерді қайта тірілтеді. Қазақтың алғашқы парламентарийлері Алпысбай Қалменұлы, Ахмет Бірімжан, Әлихан Бөкейхан, Бақтыгерей Құлманұлы, Бақытжан Қаратаев, Молда Тайынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Дәуіт Ноян-Тұндыт, Сәлімгерей Жантөрин, Темірғали Нұрекен, Тілеулі Алдабергенұлы және Шәймерден Қосшығұлұлы есімдері ғалымның іргелі еңбегінің арқасында халқымен қайта қауышады.

«ТҮС. ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕР»

Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында ертең көрнекті театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Асылболат Смағұловтың «Түс. ұйқысыз түндер» перформанс көрмесі өтеді.

– Шедеврлер жазып, кәсіби суретшілермен бәйгеге түсетін ойдан аулақпын. Не социализм, не капитализм емес, қазіргі біздің қоғам сияқты, менің де жұмыстарым примитивизм мен реализмнің арасында адасып жүрген «измдердің» бірі болар. Бүгінде аты әлемге әйгілі суретші Ван Гог марқұм көзі тірісінде бірде-бір картинасын сата алмай, бар өмірі жоқшылықта өткен ғой. Ал қазір оның бір «Күнбағыстары» пәлен миллион доллар! Сол сияқты біздің суреттер де бір замандарда бағалана жатар, – дейді көрме иесі.

А.Смағұлов Құрманғазы атындағы консерваторияны бітіріп, «драма актері» мамандығын алып шыққаннан кейін еңбек жолын Торғай облысында бастап, кейін Астанадағы

Қ.Қуанышбаев атындағы драма театрында жалғастырған. «Қыз Жібек» спектаклінде Бекежан рөлін сомдағаны үшін «ҚР еңбек сіңірген әртісі» атағына ие болған. Тбилисиде өткен халықаралық жастар театрлары фестивалінің дипломанты атанған. Орта Азия мен Қазақстан театрларының халықаралық байқауында гран-при жеңіп алған. «Апиын», «Ұмытпа мені», «Көшпенділер», «Біржан сал», «Елім-ай», «Қазақ хандығы» фильмдерінде басты және қосалқы рөлдерді бейнелеген. Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай «Мұзбалақ қарақшы, қаражүрек кәззап Бекежанды сәл-пәл сүйкімділікке сүйрелеген, оның сұсты жүзіне аз-кем қан жүгірткен Алаш актері Асылболат Смағұлов болды» десе, Қазақстанның Халық жазушысы Сәкен Жүнісов «Қыз Жібектегі» «Асылболат-Бекежан» – қазақ театры сахнасындағы үлкен құбылыс» екенін атап көрсеткен.

«АЛПАМЫС» – «АСТАНА ОПЕРА» САХНАСЫНДА

20 ақпанда «Астана Опера» театры композитор Еркеғали Рахмадиевтің музыкасы мен Кәукен Кенжетаевтың либреттосына жазылған «Алпамыс» ұлттық қаһармандық операсын көрермен назарына ұсынады.

Спектакльдің қоюшы режиссері болып Ресейдің Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Юрий Александров еңбек етті. Музыкалық жетекшісі әрі қоюшы дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдин. Ал кеңесші ретінде композитордың қызы Найля Рахмадиева шақырылды.

Түркі халықтарының көпшілігіне ортақ Алпамыс батыр туралы хикаяны желі еткен жаңа қойылымның айрықша ерекшелігі – оның стилистикасы. Халық эпосы фэнтези түрінде сахналанып, көрнекі әсерлер арқылы жетілдірілген, осылайша қазіргі заманғы талғампаз көрермен керемет музыкадан ләззат алып қана қоймай, әрқашан зұлымдықты жақсылық жеңер ертегінің сиқырлы әлеміне терең бойлайды.

Спектакль режиссері Юрий Александровтың пайымдауынша, ғажайыптармен және түрленулермен қатар, сахнада шекспирлік құштарлық та қыза түседі. Бұл ретте басты кейіпкер Алпамыс романтикалық тұрғыдан танылған. Ол бес қаруын сайлаған батыр ғана емес, сезімге берік, махаббатқа адал жан, бұл, режиссердің пікірінше, ұлттық эпос кейіпкерлеріне ерекше тән қасиет.

Ауқымды батырлық-эпикалық операны елге танымал сахна майталмандарымен қатар, жас әншілер де орындайды. Алпамыс партиясын Алтынбек Әбілда, оның сүйіктісі Гүлбаршынның партиясын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Ниязова ұсынады. Ана – Салтанат Мұратбекова, Тайшық хан – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанат Шыбықбаев, Қаракөз – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Салтанат Ахметова, Жырау – Хайдар Мұстапин, Мыстан – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ, Кейқуат – Мерей Қадырханов, Қараман – Бейімбет Таңарықов, Ұлтан – Рамзат Балакишиев, Тазша – Аян Жаймағанбетов.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«ТҮЙМЕ ҚЫЗ»
17 ақпан 12:00
Астана қуыршақ театры

«СЕН МАҒАН КЕРЕКСІҢ»
17 ақпан 18:00
Қаллеки театры

«КҮНДЕЛІК»
18 ақпан 19:00
Ә.Мәмбетов атындағы театр

ХОР МУЗЫКАСЫНЫҢ КОНЦЕРТІ
18 ақпан 17:00
Astana Opera

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №20

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Айгүл УАЙС**